

П И О Н Е Р



ИЮНЬ

1947 ЖЫЛ

№ 6

Республикалык газеттер баспасы



Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің айына бір рет шығатын балалар журналы.

ИЮНЬ 1947 ЖЫЛ

Шығуына 5 жыл


ДАНЫШПАН ҰСТАЗЫМЫЗ

Данышпан ұстазымыз, еліміздің хұрметті ақсакалы Михаил Иванович Калининнің қайтыс болғанына бір жыл тойды. Өткен жылдың 3-июнь күні совет халқы ауыр қазаға ұшырады, қара жамылды Коммунист партиясы мен совет мемлекетінің негізін қалаушылары ық және көрнекті басшыларының бірі— Михаил Иванович Калинин ұзаққа созылған ауыр наукастан кейін қайтыс болды. Бұл ауыр қазаға Советтер Одағының барлық халықтары қатты қайғырды.

Михаил Иванович өзінің барлық саналы өмірін еңбекші халықтың игілігіне, коммунизмнің жеңуі жолындағы күреске арнады. М. И. Калинин жолдас Ленин мен Сталиннің сенімді серігі, замандасы еді.

Михаил Иванович жас кезінен бастап революция ісіне араласты. Ол Петербург пен Москва-ның, Ревель мен Тбилисидің заводтарында, большевиктердің жасырын ұйымдарында жүріп өзінің табанды лениншіл-сталиншіл революционер екенін танытты. Ол еңбекшілердің бостандығы үшін күресте талай қыйын—қыстау кезенді басынан кешірді. Бірнеше рет тұтқынға алынып, жер аударылды. Бірақ, шын ержүрек большевик Михаил Иванович ешуақытта қынжылған емес.

1919 жылғы мартта РККП Бүкіл Ресейлік Орталық Атқару Комитетінің бірінші председателі Яков Михайлович Свердлов қайтыс болды. Оның қайтыс болуынан кейін В. И. Лениннің ұсынуы бойынша Михаил Иванович



Бүкіл Ресейлік Атқару Комитетінің председателдігіне сайланды. Содан бастап ол жыйырма жеті жыл бойына совет мемлекетінің жоғарғы өкмет орнының басшысы болып қызмет етті.

Отан соғысы күндерінде Михаил Иванович өз орнында қажырлылықпен қызмет атқарды. Біздің әділ ісіміздің жеңісіне халқымыздың сенімін күшейтті отырды.

М. И. Калинин совет балаларына аталық қамқорлық жасап отыратын. Сонмен қатар ол жас жеткіншектердің борышы туралы “оқуды жақсы және отлично оқу совет балаларының ең басты отаншылдық ісі болып саналады” деп ескертіп отыратын.

Михаил Иванович мектеп жайына шын ықыласпен сөз қылатын. “Мектеп—қона ұрпақтың орнын басуға лайықты

адамдар шындап шығарады. Ол сендердің екінші өз үйлердің болуы тиіс. Ал, жақсы оқу үшін күрес — өз мектептеріңнің абройы үшін күрес болып табылады».

М. И. Калинин пионерлік галстукті де зор хұрметтеуші еді. Ол пионерлердің нағыз лениншіл жас болуын тілейтін, ол пионерлерді совет халқының қуанышы мен үміті деп санаған. «Социалистік Отанға, — деді М. И. Калинин, — сөз жүзінде емес, іс жүзінде қызмет етуден артық қасиетті, одан артық езгі, одан зор міндет жоқ».

Балалар, сендер Михаил Ивановичтың осы ең басты өсиетін мәңгі есте сақтаңдар. Даңқты Отанымызды ұлы ұстазымыз, атамыз Михаил Иванович Калининше сүйейікі!

КӨСЕМНІН БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

А. АЛЕКСЕЕВ, Е. МАКЛАКОВ

ГОРИ

Біріне—бірі иек артқан зенгер таулардың қоршауындағы аңғарды батыстан шығысқа қарай аққан Кавказдағы ең үлкен өзен— Кура кесіп өтеді. Таулар шыңынан бас алып, Кураға құятын бұлақтар әлде нешеу. Солардың ішіндегі ағыны қаттысы — Лиаква. Тау жаңғыртып, тас домалатып көгілдір асау толқынды Лиаква таулар көбесін сәге, тар өзектерді қуалай арады. Оның тау қойнынан шығып, арындаған бойымен аңғарға жетіп, Кураға қосылатын сарасынан Гори қаласының көшелері басталады.

Міне, осы қалада 1879 жылғы декабрың 21інде Виссарион Иванович Джугашвили дейтін қарапайым етікшінің үйінде біздің көсеміміз және ұстазымыз Иосиф Виссарионович Сталин дүниеге келді.

Шыңына бұлт шөгіп, күз басы бұрыл тартқан зәулім таулар қаланың төбесінен қарап үңіліп тұрғандай. Тау төбесінде ескі замандардың ескерткіші — бұзылған қорғандар тұр. Жар қабақтарды қыялай ирек тартылған жалғыз аяқ жолдар тау өркешіне көтеріледі, қорғандарға апарады. Бұл күнде ол қорғандар несіз, бұзылған есік, терезесінен еркін кіріп ызыңдаған гентек жел ғана мекендейді оларды.

Қорғандар тұрған тау өркешіне көтерілсең көркемдігіне көз тұнатын аңғарға қарайсың. Үйір-үйір жылқыдай топталған жасыл ормандардың арасынан сұмдап аққан Кураның күміс көбігі күнге шағылысып жатады. Қала үйлерінің төбесінен шоқтығын асырып, бой көрсетіп мәңгі жасыл кипарис ағаштары тұрады. Қаланы қақ жарған Ленин проспектісі жалт-жұлт етеді. Қорғандар қырынан қарағанда, көше бойында ағылып жатқан автомашиналар, адамдар илеу төңрегіндегі құмырсқадай көрінеді. Алысқа көз жіберсең, бұдыр сағымның құшағынан жота-жота болып жатқан Кавказ шыңдарын көресің. Олардың ішінде атақты Казбек пен Эльбрус егіз туғандай қол ұстасып, өзгелен ағаш өркеші өрлеу тұр.

Сонау бір замандарда, кенеп күртелі, шұға қалпақты, ешкі терісінен істелген жеңіл етіккі, қолтығына қызыл пыттан жасалған кішкене сумкасын қысып жас Сосо¹⁾ мектепке барып жүрген кезде Гори қаласының бейнесі басқаша болатын.

ЖҰПЫНЫ ҮЙ

Каланың базарынан шығып, тауға қарай өрлей жүргенде, бұлтарысы көп тар көше бойымен келе жатып, кең алаңға душар боласың. Алаңның өң бойына етектей-етектей мырамор тастары төселген. Алаң ортасында кірпіштен салынған бір қатар кішкене үйді көресің. Үйдің сырты-

нан үлкен павильон (күмбез) салынған, оның биік бағандары шыныдан жасалған.

Үй шағын-шағын екі бөлмелі. Ауыздағы бөлменің терезесі алдында Виссарион Иванович тігін тігетін. Иосиф Виссарионович Сталин осы үйде туған. Ол балалық шағын осы үйде өткізген, осы үйден шығып бірінші рет мектеп есігін ашқан.

Бұл үйді тоздырмай сақтау үшін қазір сыртынан павильонмен қоршалған. Үйдің ішкі құрылысы бұрынғы бейнесін сақтаған. Бір бұрышта кішкене Сосо жатып ұйықтаған ағаш төсек тұр. Жұпынылау стол үстінде жез шам тұр. Осы столға кітаптарын жайып салып жас Сосо сабақ дайындаған, көңіліне ұнаған кітабын оқыған. Осы орында отырып ол Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты атакты поэмасын жаттаған. Стол қасында кішкене мінбеге жез самовар мен дөңгелек айна қойылған. Қабырғада қолдан тігілген сағат қабы ілулі тұр.

Міне, үйдегі бар мүлік те осы. Джугашвилидің үйінің барлық байлығы да осы болатын. Бұл үй қазір музей. Үйге кіргенде, Сосоның ардақты анасы Екатерина Георгиеваның сүйікті ұлы туралы айтатын әңгімелерін естисің. Сосоның қалай оқығанын, шіркеудегі хорда оның қоңыр дауысты әні жұртты қалай таңдандырғанын, Гишер атты кішкене күшігін қалай күткенін, достарымен бірігіп ойнауды сүйгендігін, үйдің



И. В. Сталиннің шешесі

1) Иосиф Виссарионович Сталинді бала күнінде Сосо деп атаған.

төбесіне шығып алып жолдастарының ортасында дауыстап кітап оқытындығын Екатерина Георгиевна тамаша етіп әңгімелеуші еді.

Кеке¹⁾ апай бар ынтасын баласын тәрбиелеуге жұмсады. Оның білім алуына аналық қамқорлығын бүтіндей арнады. Гори қаласындағы ең тәуір мектеп — діни училище болатын. Кеке апай бастықтардың қырсықтан қалмай жүріп, баласын сол мектепке түсірген еді. Баласына білім беру үшін оны жақсы киіндіріп, жақсы тамақтандыру үшін Кеке апай 17 жылдай тынымсыз қызмет етті, сондағы күнделік табысы 40 тыйынан артапайты.

Кеке апай күн сайын ерте тұрып, ауқатты көршілерінің кіріп жуып жүріп, тау халқының тамаша әсем әндерін айтатын. Ол мұнаюды білмеген кісі. Жас Сосо күн сайын анасының қоңыр әуезді әндерін естіп ұйықпандан оянатын.

Сосо оянысымен тұра салып жуынып, киініп, анасы әзірлеп қойған тәтті тағамдарды жеп, асыға басып мектепке келетін. Көше бойын қуалап аққан асау толқынды бұлақты жағалап жүретін, бұлақ Кураға қарай тартатын, Сосо мектепке қарай бұрылатын.

Оқон шіркеуінің қасындағы алаңға бірнеше көше келіп тіреледі. Алаң—көл, көшелер сол көлге құйған, жылап аққан бұлақтар сыяқты. Ертеңгілікте алаңда адам болмайды. Сосо мектебіне келерде де, үйге қайтарда да осы алаңның ортасымен жүретін.

Бір күні мектепке сабақ басталудан ертерек келген Сосо, өзінің сүйікті өлеңін айтып, бақша жақтан желмен бірге аңқыған гүл иісін құмарта жұтып, алаңда келе жатып шіркеу қасында ойнап отырған кішкентай баланы көрді. Бір мезгілде көше бұрышынан арындап шыға келген пар атты жолаушы алаң ортасына қарай жүрді. Атшыға бой бермей жарап алған екі саңлақ омыраулай жөнелді. Арба дөңгалағы жерге анда-санда бір-ақ тиеді. Жұлқынып келе жатқан аттарды көрген жас бала, қорқып кетіп, жылаған бойымен жолаушының алдын кесе, үйіне қарай жүгірді. Баланы аттардың басып кететіндігіне Сосоның көзі жетті. Баланы ат айдаушы да көріп аттарды оңға бұрмақ болып, жұлқып қалғанда, божының бір жақ бауы үзіліп кетіп, өзі арбадан ұшып түсті. Сосо өзі туралы ойлауды ұмытты. Жан ұшырып балаға жетті де, оны арқасынан итермелеп ілгері өткізіп жіберді. Бала аман қалды. Сол арада Сосоны оралымға келтірмей, арбаның тәртесі қағып кеткенде, ол ұшып дөңгелектің астына түсті. Аттар арындаған бойымен кете берді. Талып жатқан Сосоның төңрегінә жұрт жыйналып қалды. Ажалдан аман қалған кішкене бала шешесінің қасында Сосоның шашылып қалған кітаптарын кұшақтап тұрды. Жаралы тізесін уқалап ақсандап ат айдаушы да көліп жетті. Келгендердің біреуі су әкеліп, Сосоның қан жауып кеткен бетін жуды. Бірақ, батыр баланың кім екенін жұрт әлі күнге біле алған жоқ.

Іні тірескен халықтың ортасын қақ жарып Сосоның қасына келген әйгілі балықшы:

— Бұл менің досым, бұл бала екеуміз Кураның жағасында жиі кездесетін едік. Бұл Кеке жеңгейдің баласы — Сосо Джугашвили. Алып жүріндер, мен оның үйін білемін, — деді.



И. В. Сталиннің училищені бітірген кезі

Сосо есін жыйғанда жанында солқылдап жылап отырған анасын көрді.

— Мама жыламаңызшы, еш жерім ауырған жоқ, ертең мектепке барамын, — деді Сосо.

Сосо мектепте балалармен ойнағанда, әзілдесіп, қалжыңдап жүруді жақсы көретін. Жолдастары оның сөз тапқырлығына таң қалатын. Ол өзі ешкімге қыянат етпейтін, қыянатшыл бұзық балалардың сазайын беретін.

Бір күні сабақ арасындағы үлкен үзіліс уақытында бір топ бала алқа қотан тұрып алып, ортасындағы бір баланы біреуі түртіп кетіп, біреуі итеріп жіберіп, бәрі қосылып алып мазақ сөздер айтып тұрғанын көрді Сосо.

Ол балалардың қалың ортасынан бұзып-жарып кірді де, әлгі баланың қасына келіп:

— Мынау менің досымды мазақтаған әдепсіз кім? Шықсын бері мықты болса, байқасын көрейін мен онымен.

Сайқымазақтар Сосодан қаймықты, ешкім жекпе-жекке шықпады, балалар тарап кетті.

— Атын кім? — деп сұрады Сосо оңаша қалған досын жұбатып.

— Дормидон Гочохия. Сіздің мектепке оқуға түскеніме бір-ақ күн болды.

— Аналардың барлығы жабылатындай не істедің сен?

— Мен мингрелмін, грузинше нашар білемін... Олар мені мазақтайды.

— Сен мұнайма. Қолыңды бер, екеуміз дос болайық, — деді Сосо.

Дормидон қуанып кетіп Сосоның қолын алды. Сосо оған грузин тілін, ол Сосоға мингрел тілін үйретпек болып серт байласты.

1) Екатерина Георгиевнаны көршілері Кеке апай дейтін.

307104

Балалар Лианьваньң екі жағасына бөлініп алып, су ішінде ойнайтын. Кішкене өзеннің Кураға құятын жеріне келіп, суға түсетін. Өйткені ағысы қатты, ені кең Кураға шомылудан қауыптенетін. Кураға шомылып, оның арғы бетіне еркін жүзіп шыратын жалғыз Сосо болушы еді.

Сосо ойынның жаңа түрлерін табуға құмар еді. Ол Илья Чавчавадзениң «Ер Како» атты поэмасын оқып шығып, достарына «Ер Како» атты ойын ойнауды ұсынды. Жолдастары Сосоның ойын мақұлдады. Балалар поэманы басынан аяғына шейін жаттап алып, сахнадағыдай ойнауға кірісті. Достарының қалауы бойынша Како болу Сосоға тапсырылды. Ойын қатар тұрған екі үйдің арасындағы қуыста өтті. Сахнаның шымылдығы Кеке апайдың жайып қойған ақ простынасы болды. Ойын театрдың сахнасындағыдай өте қызықты болып өтті. Ойнаушылар еңбекші халықтың қамын ойлаған Каконың жолын қууға уәделесті. Бір күні жандарымдар тәңертең Гори қаласының халқын алаңға жыйнап, халық ісі үшін күрескендерді дарға асты. Бұл оқыйға Сосоның ішкі сезімдерін оятып, үлкен ойға қалдырды.

— Өмірдің кітаптағы айтылғандарға қайшы болуының себебі не деген? — үлкен сұрау туды жас Сосоның көңілінде.

КІТАПТЫҢ ДОСЫ

Сосо мектепте де, ойын уақытында да, үйдеде кітапсыз жүрмейтін. Тауға шығып, Батырлар ойынын ойнағанда, оның кітабы белбеуіне қыстырылулы болатын. Кураға шомылғанда, кітаптарын жел алып кетпес үшін таспен бастырып қоятын.

Ол мектеп кітапханасындағы кітаптарды бірер жылда оқып таусып, қаланың басқа кітапханаларынан кітап алып оқуды әдет еткен. Үй іші жатып қалғанда, білгелі шамның түбінде қою қара шашын сол қолымен уыстап отырып, ұзақ түндер кітап оқыйтын. Сондай түндердің бірінде анасы ояна кеткенде, кітап оқып отырған баласын көрді.

— Қалқам, ұзақ отырып қалдың ғой, жатып тынықсаңшы, таң бозарып қалыпты-ау, — деді анасы.

— Мынау тамаша қызық кітап екен! Осы түнде оқып тастамасам болмайды, ертең кітапханаға апарып беруім керек, — деп «Сурам қорғаны» атты үлкен кітапты көрсетті Сосо.

Арқан бойы күн көтеріле ол қалың кітапты оқып бітірді.

— Кітаппен дос болу керек, адам сусыз, ауасыз, күнсіз өмір сүре алмайтын болса, сондай-ақ біздің кітапсыз тіршілік етуіміз мүмкін емес деп түсінемін, — дейтін ол өзінің тату — тәтті достарына.

Сосоның оқыған кітаптары оның сабақты жақсы үлгіруіне көп көмектесетін. Бір күні мұғалім тарихи тақырыпқа мақала жазуды тапсырды. Бұл тапсырманы орындау үшін қала сыртындағы ескі монастырға ба-

рып, бірнеше кітап оқуды міндеттеді. Кластағы балалар тапсырманы тез орындай алмаймыз—ау деп қауыптенді, наразылық білдіре бастады. Мұғалім айтқанынан қайтпады. Балалар Сосоға жалынып көмектесуді тілек етті. Ол мұғалім айтқан кітаптарды бұрын оқып шыққан болатын.

Кешке таман Сосо үлкен мақала жазды да, оны жолдастарына оқып шығуға берді. Оларға оқыған кітаптарының мазмұнын айтып берді. Мұғалім тапсырмасын кластың барлық оқушысы да мүлтіксіз орындап шықты.

Өсе келе ол саяси кітаптарды оқу арқылы революциялық жолға түсті. Сосо Джугашвилиді болаттай берік революционер еткен де, оған Сталин деген даңқты атакты әперген де Маркс, Энгельс, Лениниң кітаптарын оқып үйренудің, солардың идеяларын іске асыруға шындап кірісудің нәтижесі болды.

Патша жандарымдары жас революционер Сталинді бір рет тұтқынға алып, ауыр азап көрсетеді. Ұзыннан ұзақ екі қатарға тізіле тұрған солдаттардың ортасынан жүріп өтуді бұйырады оған. Солдаттар басы, көзіне қарамай, Сталинді ұра бастайды. Кавказдың ақыйығы, жас революционер қабақ шытпастан, қаймығып қайыспастан, Маркстың кітабын көкірегіне қысып ұстаған қалпында, алға қарай жүре беріпті.

УЧИЛИЩЕНІ БІТІРГЕНДЕ

Казіргі Ленин проспектісінің басында, Кура өзенінің сол жақ жағасында екі қатарлы үлкен үй тұр. Бұл бұрынғы Горидің төрт класты діни училищесінің үйі. Бул ескі Горидің әрі көркі, әрі мақтанышы болатын. Қазір ол үйге Сталин атындағы Горидің ауылшаруашылық техникумі орналасқан.

Училищеде үш дайындық класс, төрт негізгі класс



И. В. Сталин балалар арасында

болатын. Иосиф Виссарионович 1888 жылы училищенің екінші дайындық класына түсіп оқыды.

Училищеде барлық пән орыс тілінде оқытылатын. Орыс тілін нашар білетін грузин балаларын мұғалімдер ана тілінде сөйлегені үшін жазалайтын. Тәртіп өте қатты болушы еді. Болмашы ғана қыйсықтық жасаған оқушыны сызғышпен ұрып, қараңғы бөлмеге қамайтын.

Жас Сосоның зеректігі, мұғалімнің айтқанын ұғып алғыштығы, оқыған кітабын түсінудегі алғырлығы оқушы жолдастарын да, оқытушыларын да таңдандырушы еді. Ол, көбінесе, жолдастарына көмектесетін, бүкіл класс балалары үшін жағырафиялық карта сызатын. Мектептегі Сосоның орны бөлекше еді. Қатыгез мұғалімдердің өзі кішкентай Джугашвилиге бестен кем баға қоймайтын, оның жазу жұмысын қарағанда, оқытушылардың көбі дерлік қойған бағасының сыртын да «тамаша!» «мүлтіксіз жазылған» деген сыяқты пікірлерін жазатын.

Жас Сосо бірге оқыйтын жолдастарына өз білгенін үйретуден бас тартпайтын. Бірақ, емтихан, сынақ кезінде сыбырлауды ол жақтырмайтын. Бірде Петре дейтін жолдасы сынақ үстінде сұраққа жауап бере алмай қысылады.

— Айтып жіберші, — деп жалынады ол Сосоға.

— Айтпаймын, өзің білуге тиіссін. Біреудің білгені біреуге өмірлік азық болмайды, — дейді Сосо.

Училищеде жақсы оқығандарға сыйлық беру деген ол кезде болмайтын. Бірақ, 1894 жылы Сосо Джугашвили соңғы емтиханды өткізгенде, училище басқармасы арнаулы кеңес шақырып, Иосиф Джугашвилиге сыйлық беру мәселесін шешті. Оған жақсы түптелген кітап сыйлады. Кітаптың ішкі бетіне мына сөздер жазылған еді: «Барлық курстегі оқуды бірінші болып бітірген, үздік оқушы Иосиф Джугашвильдің тамаша тәртіптілігі, үздік оқығандығы және әншілігі үшін Горидің Діни училищесінің басқармасы сыйлыққа тартады».

АНАГА АЙТЫЛМАҒАН СЫР

Горидің ауылшаруашылық техникумында екі бөлмеге Сосо Джугашвильдің балалық шағын еске түсіретін документтер жыйналымы. Бұл кішкентай музей сыяқты. Жыйналмаған документтердің ішінде Сосоның кūrдастарымен бірге түскен суреті ілулі тұр. Олардың ішінде

кейін революциялық жұмыста сенімді серігі болған Миша Давиташвили, Пета Капанадзе, Ладо Кецоховели бар. Жас Сосо солармен бірге кітап оқып, солармен бірге болашақ өмірді талқыға салып, солармен қол ұстасып патшаға қарсы күреске аттанды. Оларды адам баласының бақыты үшін күресуге бастады.

1895 жылы Иосиф Виссарионович Тбилисидегі семинарияға барып түсті. Кеке апай баласының талапты болғанына, өмірдің асқарына шығуға қанат қаққанына қатты қуанатын. Бұл кезде баласы ержетіп те қалған, оның талдырмаш бойына, жарқын жүзіне жарастықты болып қою қара мұрт та шыға бастаған.

Гориге демалысқа келгенде, баласы анасына сыйлық етіп қант, шай әкелетін. Бала сыйлығын хұрметтеп Кеке апай рақаттанып отырып шай ішетін. Бірақ, ол баласының жүрегінде қандай сыр барлығын білмейтін. Өйткені жас революционер саяси мәселелер жөніндегі ойын ана алдына жайып салуды орынсыз деп қарайтын. Қамқоршы ана кұшағынан тау қыранын ұшырдым деп ойламайтын. Оның көз алдында ойынды сүйетін, кітапты көп оқыйтын сүйкімді Сосо ғана тұратын.

Горияға демалысқа келгенде, Иосиф Виссарионович саяси жарнамалар әкелетін, оларды Ладо Кецоховели Тбилисидің типографияларында бастырып шығарушы еді. Достарын ертіп тау басындағы ескі қорғандарға барғанда, Иосиф Виссарионович көк күртенің ішіне жасырып саяси кітаптар мен кішкене қызыл жалау алып шығатын. Қызыл жалауды желбіретіп іліп қойып, соның түбінде отырып олар кітап оқыйтын, ұлы іске аттануға серт беретін.

Жыйылыс аяқталғанда балалық шақты еске түсіріп «Қолорақ» («чемпи намгано») туралы өлеңді қосылып айтып тараушы еді.

«Алмастай өткір қолорақ,

Қайраймын болат жүзінді...»

деген сөздерді шырқаған әннің ішінен анық естуге болатын. Иесіз ескі қорғанның ішін кернеген ән — жас дауылпаздардың ескі дүниені табанға таптап, жаңа өмірді біз қолдан жасаймыз, деген анты сыяқты болып естілетін.

Бұл кез Сосо Джугашвильдің балалық дәуірі бітіп, өмір шыңына қанат қаққан тау қыраны, болаттай берік революционер Сталинді жастық шағы басталған дәуір болатын.



Асылжан

С. ОМАРОВ

Әңгіме

Суреттерін жасаған Н. ЛЕБЕДЕВ

— I —

Таң сіберлеп атып келеді. Ұйқысынан оянып боз торғайлар да шырылдай бастады. Гауһардай жарқырап, жайнадап тұрған шолпан да таннан ұялғандай, терліктей ақша бұлтпен бетін бүркеп, көзден ғайып болды.

Таңның атқанын барша ауылға хабарлап, ұйқыдағы жандарды оятқысы келгендей Кеншібайдың кер есегі ішін тарта қайта-қайта бақырып, күндегі үйреншікті әніне басты.

Таудың теріскей жақ алқымына өрмелете салынған жүз үйлі қыстақтың құбыла жақ шетінде оқшау тұрған бір үйдің шамы түн бойына сөнбеді. Шетсіз—шексіз қаракөк аспанның аясында сыңсып тұрған қалың жұлдыздар таң жарығымен алыстай-алыстай әбден көзден таса болғанша әлгі үйдің шамы жарқырап тұра берді.

Кеншібайдың кер есегінің таңғы «азанын» үй иесінің құлағы шалды ма екен, кім білсін, шам жарығы содан кейін ғана сөнді.

Ақсақалды бір адам сол үйден шыға келіп, жерге қонбай, шырылдап ұшып жүрген торғайлардың тәтті әуезіне кәрі құлағын тосып біраз тұрды да, арайлап атқан таңның самалына төсін ашып тұрып:

—Шүкіршілік, армансызбын, деді дауысын қатты шығарып.

Нағылған жан бұл? Неге шүкіршілік етті бұл? Не себепті армансыз ол?

Кең әлемді берен нұрына бөлеп, атып келе жатқан таң оған бахыт алып келді ме? Таң кезінде сайраған боз торғайлардың әсем әні құлағына жағып, көкейіне қонды ма?

—Апыр-ау, тіпті жақсы болды ғой, деп күбірлейді қарт. — Дүниеден баласыз өтем бе деп қайғыратын ем, тілегіме жеттім, ақ түйенің қарны жарылды. Балалы болдым. Тіпті жақсы болды ғой.

Жерге қонбай безілдеп ұшып жүрген торғайлар да, таңның атқанын жұртқа хабарлап дауысы қарлыққанша бақырып жеткен қораздар да, «тіпті жақсы болды ғой» —деп шалдың сөзін қайталап айтқандай болады.

— II —

Бүгінгі Таңатар тойын бастаған да, ұлына ат қойып, айдар таққан да колхоз бастығы Рамазан. Жас болса да көргені, білгені көп сұңғыла жігіт еді. «Бір сырлы, сегіз қырлы жігіт» деп дәріптейді колхозшылар оны. Сөйлер сөзге келгенде, ұстаның көрігіндей гуілдеп, іске ұстараның жүзіндей қылпылдап түсе кетеді. Рамазан «Ынтымақ» колхозына бастық боп былтырғы көктемге келген. Соғыста ауыр жаралы боп, алты ай емделіп жатып елге қайтып келген соң осы қызметке белгіленген.

Бүгін той онша ұзаққа созылған жоқ.

«Майданда ер-азамат қан кешіп жүргенде, еріккендей қанатымызды кең жайып, еркін шалқақтауымыздың жөні жоқ. Бүгінгі тойды онша ұзаққа созбай, ырымын істеп тез тарқалық»,—деген Рамазанның орынды сөзіне жұрт қол қойды.

—«Тойдың үлкені соғыс біткен соң бола жатар. Так-

еңнің бүгінгі тойы сол үлкен тойдың бастамасы болсын» —деп Рамазанды парторг Сүттібай қостады.

«Рамазан айтса, болды», «Сүттібай айтса, қате баспайды», деп ден қойып әдеттенген колхозшылар бұл жолы да сол әдеттеріне басып: «бұл болады, дұрыс айтасындар» деп гулесіп жауап қайырып, ризалықтарын білдірісті.

Той тамағы ішіліп болған соң колхоздың шешен қарты Керімбек өзмен қатар құрбысы Таңатарға сөз тастап:

—Уа, кәрі тарланым, Тілегің орындалды, балалы болдың. Бауы берік өміржасы ұзақ болсын. Атып қымға қойғызасын? деді.

Сары үкідей үлбіреген кішкентай жүдеу баланы алдына алып, төсектің үстіне күйбендеп отырған Таңатар да іркілген жоқ.

—Жаста болса, ел ағасы басшымыз ғой, жол Рамазандікі.

Енді жұрттың көзі Рамазанның аузына қарай қалыпты. Сөздің салмағы өзіне ауғанын білген Рамазан, колхоз басқармасының мәжлісінде баяндама жасайтындай — ақ орнынан шалшаң түрегелді.

—Ата мен ана үшін перзенттен асыл не бар дүниеде! Қарттың ұлының аты Асылжан болсын, — деді Рамазан отырған жұртқа көз тастап.

Колхозшылар, жыйналыста баяндама жасағанда, Рамазанға қол шапалақтап құрмет көрсететін. Қазіргі сәтте де сол машығына басып, бәрі бірдей дүрілдете қол соқты.

—Асылжанның өмірі ұзақ болсын, онынан ай, солынан күн тусын,—деп бір шал ақ батаны жаудырып жатыр.

Талай тілектер айтылды.

Соғыс басталғалы колхозшылардың бір бас қосып, көңіл көтерген жері бүгінгі Таңатар тойы еді. Күтпеген жерден нәсіп болған «домалақ той»—«Ынтымақтың» кәрі-жасына, келешек қызықты күннің жақсы лепесі, әдейі келген хабаршысындай көрінді. Қатынқы қабақтар бір жола ашылмаса да, салыны жүздер жаз күндей жадырап кетпесе де, осы думан елдің еңсесін бір көтеріп тастады.

Бұл тойға «Ынтымақтың» тайлы-таяғы қалмай келген. Тойға сойылған екі қойдың еті желініп, сары самауырлардың қызыл күрен шайі ішіліп болған соң үй иесіне рұхсат сұрап үлкендер үйді-үйіне тарасты. Жасар жауы Таңатардың тілегін орындап, азда болса, қазақша шілдехана ойнап тарады.

Таңатардың екі бөлмелі шағын кірпіш үйі кіші-кірім театр секілденіп кетті. Көптен бері жүректердің тұңғышында қорғалап тотыққан талай әндер қайта шыркылып, үй ішінен асқақтап шығып нен даланы аралап кетті. Тау өлкесінің сумақай желі әндерді қағып алып, әлде қайда алысқа әкетіп жатты...

Тойға келген жұрттың тіліне Асылжан түсінбейді. Соғыс тағдырының айдауымен қыйырдағы Ленинградтан келген бес жасар сәбиге осы ойын-тойдың көрінісі шешуін таптырмайтын жұмбақтай...

Той тарар кезде Рамазан оны құшақтап бетінен



сүйіп: — Қалқам Аркадий, енді сенің атың Асылжан болады, сен мынау отырған шал мен кемпірге бала боласын, — деп еді.

Бұл сөздің де мәнісіне түсіне алмай, балалық мінезіне басып жауап қатпады. Бар болғаны Рамазанның бетіне жауғандай қарай берді.

Бұрын мұндай адамдарды өмір түгел түсінде де көрмеген жас бөбек салған жерден-ақ үйіле кетті десек, шындыққа қиянат болар еді.

Үй ішінің тұрмысы да, онда гуілдескен адамдар да а дегенде балаға жат көрінді. Бұрын орыс адамдарынан басқа ешкімді көрмеген, білмеген, ол жүрегі суылдап, шошып кетті... Тынысы тарылып, айналадағы өмір оған жексұрын боп сезілді. Көзіне жас келіп, кеудесін қорқыныш сезімі кернеді.

Кішкене көк көздері шарасынан шығып, онсыз да солғын жүзі онан сайын бозарып, әбден тынышсыздашып отыр бала.

Жыйналған жұрт тарап кеткен соң да, бала жүрегі көпке шейін орнына түсе қоймады.

«Қайдан келдім, қандай адамдарға душар болдым. Көктен түстім бе, жер астынан шықтым ба? Өнімбе, түсім бе?» деп ойлады ма екен, кім білсін? Басын төмен салып, сәби жүзі шытынып төмен қарайды бала. Тіпті шал мен кемпірдің ырқына жөпшелдемеде көнер болмады.

Бала сол күйімен талып ұйықтап кетті. Қарлығаш көтеріп апарып өз төсегіне жатқызды. Бала қаннен қатерсіз қорылдап ұйықтап кетті де, бір мезетте селк етіп шошып, бет—аузы жыбырлап дөңбекши бастады.

Шым-шытырық түстің қоршауында қалған бала өзінен-өзі сандырақтап әлде нелерді айтады.

...Ленинград. Теріскейден соққан ызғырық жел аш бөрідей ұлайды. Жел ұшырған күл темірдің қара бораны кез ашқызбайды. Қала жаралы жолбарыс секілді тас—түйін. Зенбірек оқтары деп тиіп пара—пара болған; терезесіз, муржасыз сорайған зәулім үйлер, төбе—төбе тастар, кірпіштер басқан көшелер. Арыстанның ақалындай көк бұйра толқындарын жарға со-

ғып, жылы, кәкті пішінмен арып жатқан Нева өзені.

Асылжанның жаны өз денесінен алыстап, Ленинградтың көгінде қалықтап жүр. Бірақ, үндеспей бірне—бір қарай түсіп отырған Танзат мен Қарлығаш оны сезбейді.

Бала түс көріп жатыр. Жау зенбірегіннің оғы деп тап талқаны шыққан үйі, бомба түсіп қаза тапқан анасын, аштан өлген жеті жасар апасы Ниляні көрді ол. Қуирығын былғандатып, инедей тіп-тік мұртын тикірейтіп, танадай жарқыраған көздерін ойнақшытып өзінің қасынан кетпейтін тарғыл мысығында көрді бала.

Бала бағанағыдай емес, қызара бөртін тыныш ұйықтап жатыр. Бірақ, кемпір мен шал ұйықтар емес.

Бір мезетте Танзат кемпірінің қасына жақындай түсіп:

— Аузына тас салғандай неге үндемейсің? Қабағың неге салбырап кеткен? — деді, бала оянып кетпесін деп күбірлеп.

Бірақ, Қарлығаш іле жауап қатпады. Оның жүзінен бір терең ойға шомығандықтың ышпаны көрінеді.

— Саған не болды кемпірім, әлде бір жерің ауырып отыр ма? — деді Танзат қузап.

— Қойшы тәйірі, о несі екен—ау, мені жана көргендей боп өзеурегені... маған не пәле жуыттың еді?

Танзат киімшең қыйсайып жата кетті.

Шал мен кемпірді мазалаған немене?

«Улты, тілі басқа баланы асырап аламыз деп, несіне әурелендіңдер? Қаршадан орыс баласының тіліне қалай түсінесіңдер? Мәпелел өсірген соң, туыстары келіп, алып кетсе қайтесіңдер...»

Осы ой еді бұларды мазалап, көңілдеріне күдік түсірген. Бірақ, олар өз ойларын бір-бірінен жасырып, сыртқа шығармады.

Әлден уақытта Танзат жатқан орнынан түрежеліп, шөкеттей боп үнсіз отырған Қарлығашқа тура қарап:

— Сенің не ойлап отырғаныңды ішім сезеді. Кемпірім... Соның өзі жақсы. Бәрінен де жоқ жаман. Аш қабағыңды, көтер еңсегің. О несі, тілек үстінде отырғанда, қабағыңа қар жауғызғаны—деді.

— Жоқ, әншейін, басымның «сақыйнасы ұстап...» дей беріп еді, Танзат:

— Бәсе, бәсе, — деді.

Ойдан әрең дегенде арылған Қарлығаш түрежеліп барып, төсекте қатты ұйықтап жатқан баланың маңдайынан сүйіп еді, көзінен ыршып кеткен ыстық жас оның бетіне бір—бір тамды.

Сол сәтте Танзат да төсекке жақындап, еңсесін сала ұмтылып кеп, о да баланың бетімен қушырлана бір сүйді де далаға шығып кетті.

Қулан иектеніп таң атып келеді екен.

Кеншімбайдың кер есегі таң «азанын» шақырып, бақыра бастағаны да осы кез еді.

— Апыр—ай, тіпті жақсы болды ғой, — деп күбірлеген де осы Танзат еді...

Елу шақты қызыл вагон тіркеген эшелон Н. Станциясына түс ауа келіп тоқтаған. Ленинградтағы бідетдомның балаларын соғыс өртінен алып шығып, Қазақстанға алып тартқан осы эшелон екі айдан аса жоқ жүріп, мұнда әрең жетті. Соғыс өртіне шарпылып, ашаршылық шенгеліне ілінген, оның бержағында ұзақ жолдың азабын шеккен сәбилер тыйтықтап жүдеп келді...

Қубылмалы қоныр күз. Көп күннен бері бұлт астынан шықпай қойған күн де алыстан жас қонақтарға мейімі түскендей өз нұрын аямай төгіп тұр.

Эшелонды облыстық партия комитетінің жауапты қызметкері Айдарбаев қарсы алды.

Қаз-қатар тізіліп тұрған отыз шамадан жабық ма-

дінді балаларды тигізіп алып «Ынтымақ» колхозына қарай ағылды. Колхоз осы арадан 150 километр жер Қар жамылып, мұз жастанған заңғар таудың бауыры сыңсыған мауелі ағаш. Колхоз сол бау-бахшаның ішінде, Келетін балаларға жайлы болсын деп, облыс, аудан басшылары детдомды уақытша осы колхозға орналастыруға ұйғарған.

«Ынтымақтың» көрі-жасы келетін жас қонақтарын күтіп, азулы ақ мектептің алдында жыйналып тұр екен.

Таяққа сүйенген шалдар да, ақ шашты кемпірлер де, алғінде күн батар кезде жұмыстан қалжырап қайтқан ересек балалар мен қыз-келиндер де келіті.

Колхозшылар жеті жылдық мектептің үйі күні бұрын әзірлеп қойған. Ерте бастан жағылып көңірісіп тұрған моншаға түсіп, инежіптеп жаңа шыққан жаңа киім киіп, еркін тамактанып балалар бір жасап қалды.

Әйелдер балаларды күр қол қарсы алуды бойларына мін көріп, әрқайсысы қолда бар астарын ала келіті. Сарымай, ірімшік, күрт, сүр ет, дорбалаған ақ ұндар мектеп сарайына үйіліп қалды.

Детдомның аға тәрбиешісі—ұзын бойлы аккуба әйел балалар атынан әйелдерге алғыс айтты.

— Халықтардың сталиндік достығы жасай берсін!— деді ол сөзінің соңында.

Кас қарайды. Тау өлкесі тағы да айсыз түннің құшағына кірді. Бірақ, жыйналған жұрт мектеп маңынан кетер емес.

— Гым жүдеу екен байғұстар.

— Өлуге аз-ақ қалыпты ғой өздері.

— Қаршадай мүсәпірлерді осындай күйге ұшыратқан сұм немістер көгерер деймісін.

— Алыстан арып-ашып келген балаларға аяушылық білдірген әйелдердің осы секілді сөздері көпке шейін ауыздарынан түспеді. Балалар да жаңа келген бауырларына өз жүректерінің қуанышын білдіріп, мектеп маңынан айналсоқтап кетпей жүр..

Тау атырабы қара қошқыл тұман жамылып, түн қараңғылығы қоюлана түсті. Тау елінің жас қонақтары маужыраған тәтті ұйқыларының құшағына кірді. Сол күні көп баламен бірге рахаттанып денесі балбырап ұйықтап жатқан кішкентай Аркадий, көп узамай өз тағдыры кереметтей өзгереді деп ойлады ма екен сіре..

— III —

Таңатар тойы өткелі, Аркадийға — Асылжан аты берілгелі бір айдан асып барады. Бұрынғыдай емес, күн сайын мың мәртебе қайталанып айтылған Асылжан деген бір сөзге баланың құлағы әбден машықтанып еді. Енді ол өзінің атын іркілмей айтатын болды.

— Атың кім қалқам сенің? — деп сұрайды Таңатар.

— Асылжан, — дейді бала іркілмей.

— Айналдым-ау мен сенің тіліңнен, — дейді Қарлығаш.

Таңатар үйі жандарының күнделісі осы.

Айтпақшы, «тілі ұлты басқа» баланы қыр қазағының қарапайым тұрмысына көндіріп, баурап алу шал мен кемпірге оңай соқпады. Бәрінен де қиыны Асылжанға қазақ тілін үйрету болды. Дегенмен, үй ішінің, айналасындағы қайнаған колхоз өмірінің ықпалына ден қойып, ырқына көнген бала бірнеше сөздің басын құрай алатын халге де жеткен. Әдепкі кездегідей жа-

тырған, шытырғанын тұрмай, өзі күрәйлі балалармен шүйіржелесіп ойнайтын болды.

Таңатар үйде жоқ еді. Қарлығаш қырман басындағы жұмыстан ел орынға отырған кезде қайтты. Кешкі тамақты ішіп, үй шаруасын тындырып болып, Қарлығаш күндегі машығын тағы да қайталап баласына қазақ тілін үйретіп отыр.

Асылжан, қазақ тілінің әліпбесін еңәуелі адам мүшелерінің аттары мен үй ішінде көзге көрініп тұрған нәрсе мүліктерден бастап еді. Балаға тіл үйретуге келгенде Қарлығаштан Таңатар ептейді. Ол ең әуелі өзі білетін орысшасының басын жарып, көзін шығарып, бір нәрсенің я болмаса адам мүшесінің аттарын орысшадан қазақ тіліне аударады. Қарлығаш болса кіленыммен, жобамен сөйлеседі. Оған Асылжан жөнді түсінбейді.

Бүгін Қарлығаш еркін отыр. Үйде Таңатар жоқ болса, ол Асылжанмен батыл сөйлеседі. Көдімгі тәжірибелі мұғалімдей-ақ аспай-саспай өзінше сөйлесіп отыр кемпір.

— Мынау не? деп сұрайды көзін бас бармағымен нұсқап.

— Көз, — дейді Асылжан сұқ қолымен өз көзін көрсетіп.

— Көзіңнен айналып кетейін-ау мен сенің!

Әжесінің сөзін, өзінің тілін қызық көріп сықылықтап күледі бала.

— Мынау не қалқам?

— Мұрын, — дейді бала өзінің мұрынын нұсқап.

— Мұрыннан айналып кетейін-ау мен сенің!

Еңсесін сала еңкейіп барып, баланың бетінен сүйіп-сүйіп алды кемпір.

Баласын айналып-толғанып, шүкірлік етті, осы баланы алуына себепкер болған колхоз бастығы Рамазанға қайдағы бір асыл алғыстарды төгіп өзінен өзі сөйлеп отыр. Оған Асылжан түсінбесе де, ана жүрегін өз жүрегіндей ұғып, — «түсінемін, бәрін де ұғып отырмын» дегенді үнсіз ұқтырып басын изеді.

Машықты сабақ оған әрі созыла берді. Ана мен баланың тыныштығын ешкім бұзбасын деп әдейі күзетіп тұрғандай терезеден ай сығалайды.

Асылжан өзі білетін адам мүшелері мен үй мүліктерінің аттарын осылайша айтып берді.

— Мынау кім? — деп сұрайды Қарлығаш өзін көрсетіп.

— Әже.

— Кімнің баласысың құлыным?

— Әке баласы, — дейді Асылжан балдырғай.

— Мені қай жерің жақсы көреді?

«Әжетайым сені жүрегім жақсы көреді» дегенді ишаратпен ұқтырып әдеттенген бала, оң қолының бас бармағымен өз жүрегіннің тұсын түртіп көрсетті.

— Айналып кетейін мен кішкентай сары қазақтан!


Қарлығаштың күн тиіп, жел қағып жарылған көне ерні сары үкідей үлбіреген сүйкімді баланың бетіне жабыса түсті. «Махаббат деген осы-ау» деп сүйсінгендей аспанда жай жүзіп, еркін қалықтап баратқан ай, тауһардай жарқыраған қалың жұлдыздар қылмылдап біріне бірі қарай қалды.

Көшегі кішкентай Аркадийдің, бүгінгі Асылжанның тау еліндегі өмірі осылайша басталып еді..

(Жалғасы бар)



Батырдың інісі



Ә. СӘРСЕНБАЕВ

Әңгіме

Суреттерін жасаған Н. ЛЕБЕДЕВ

I.

— Серік, уа Серік!

— Аһ, ау! — деді, мөлдір өзенде шомылып жүрген балалардың бірі.

— Жүр, тамағыңды іш, — деді, өзен жиегіндегі үйдің терезесінен қарап тұрған, орта жастар шамасындағы әйел.

— Қазір, ана, қазір!

Серік мөлдір өзенге тағы бір сүңгіп алды да, жағаға шықты. Күндегі әдеті бойынша арқасын күн шуаққа қыздырып сәл отырды да, киімін киді. Содан кейін кемесін қолына алды да, еңтіге басып, үйге қарай жүгірді. Ол үйге келгенде, анасы есік алдындағы теректің көлеңкесінде тамақ дайындап жатыр еді.

— Я, келдің бе, батыр! — деді ағасы істеп жатқан жұмысын доғарды да.

— Келдім. Ерік аға, не істеп жатырсыз? — деді Серік.

— Көрмейсің бе, киім ілетін шкаф істеп жатырмын. Сен көмектесуді де білмейсің.

— Менің қолымнан келмейді ғой.

— Келмесе, үйрен. Өнерді адам туа білмейді, өсе біледі.

— Бүлдіріп аламын ғой.

— Бір рет, екі рет бүлдіресің. Үшінші де үйренесің. Уқтың ба?


— Уқтым.

— Келіңдер, тамаққа отырыңдар, — деді ана.

— Қане сөйле, батыр! Бүгінгі ойыңнан есеп бер, — деді Ерік тамаққа отырғаннан кейін, інісіне күле қарап.

Ерік күндегі әдеті бойынша қызу әңгімеге кірісті. Кімдер мен ойнағандығын, кімнің қандай қайық жасағандығын, кімнің қайығының жүйрік екендігін айтты.

— Ал, сенің кемең қалай жүзеді? — деді Ерік.



— Олардың кемесінен қалып қояды.

— Онда саған бір тамаша желқайық жасасақ қайтеді.

— Жасалық, — деді Серік жайраңдап.

— Бірақ, мен қызып қана берем. Ал, жасауын өзін жасайсың.

— Бүлдіріп алам ғой, — деді Серік, манағы сөзін қайталап.

— Бүлдірмеуге тырыс.

II.

Тамақтан кейін Ерік жұмысына қайтадан кірісті. Серік ағасының ұсталығына қызыққандай, көзін алмай қарады да тұрды.

— Не ғып тұрсың, бар ойнасаңшы, — деді Ерік, інісінен сыр тартпақ болғандай.

— Жоқ, ойнағым келмейді.

— Неге?

Серік үндемеді, «әлгі сөзінді ұмыттың ба» дегендей, ағасының бетіне жауаңдап қарай берді.

— Әлде қайық жасаймыз ба?

— Жасайық деді бала, күлімсіреп.

— Онда сен анау ағашты шап, көрдің бе, сызып қойдым.

— Немен шабам?

— Анау кішкене балтамен. Байқа, аяғыңды кесіп алма. Міне, былай шап.

Ерік інісіне көрсетіп берді де, оның шапқанын бақылап біраз тұрды. Бала, «қате істеп қойдым ба?» дегендей, ағасына жауаңдап қараумен болды.

— Дұрыс, дұрыс шаба бер. Ондай ойықтар сүргімен түзеліп кетеді. Міне, көрдің бе? Өзін ұста болатын шығарсың, — деді Ерік, інісін арқаға қағып, — қане енді сүргілеп қарашы.

— Бүлдіріп қоймасам, — деді Серік тәуекел ете алмағандай.

— Бүлінсе, түзейміз, адам қатесін түзеп бара үйренеді.

Серік әлгі шауып болған жұқа тақтайын ұзын столдағы ашаға кигізді де, сүргіні қолына алды.

— Әуелі сыналап бекіту керек. Анау бір ұшы жұқа, екінші ұшы қалың ағашты көрдің бе? Соны сына дейді. Аша мен тақтайдың арасына кигіз де, тығыздап қақ. Дұрыс, ал енді сүргіле.

Бала сыналанған тақтайды сүргілей бастады. Бірақ, сүргі түсе қоймады.

— Жоқ, сүргіні міне былай ұста, келші, екеуміз бірігіп сүргілейік.

Ерік сүргіні інісіне дұрыстан ұстатты да, өзі оның қолының сыртынан ұстап сүргілей бастады. Жұп-жұқа жаңқалар ақ әкібек лентадай шыйыршықтанып ұшып жатты.

— Міне, көрдің бе?

— Бұл Серіктің қолы емес, сіздің қолыңыз ғой. Ерік аға, — деді бала.

— Ал, онда өзін сүргілеп көрші, — деді Ерік қолын жіберіп.

Жайқа ленталары маңағыдан гөрі қысқара түсті. Бірақ, баланың сүргіні игеруге икемі бар екендігі сезілді.

— Міне, көрдің бе, әлден-ақ ұста болып кеттің, — деді Ерiк, інісін арқаға қағып.

Бала жайрандап күлді. Ағашты сүргілеуде бұрынғыдан жері батылырақ, қызу кірісті...

III

Демалыс күні еді. Ерiк әдеті бойынша ағаш жұмысын істеп жатқан болатын.

— Аға, деді жар жағасынан жүгіріп келген Серiк.

— Немене, жел қайығын жүйрікпе екен?

— Әлі жарыстырып үлгірмедім, — деді бала асыға.

— Үлгірмеуің қалай, неге асықтың?

— Аға, жүріңізші үйге, қазір радио арқылы Молотов жолдас сөйлейді, — деді Серiк ағасын қолынан жетелеп.

Олар үйге кірді де, радиоға құлақ тосты.

— Советтер Одағының азаматтары мен азаматшалары... деп бастады Молотов жолдас.

Үй ішіндегілер тыныстарын ішке тартты да, тыңдай қалды. Бір-бірінің жүзінен көз алмады. Серiк ыза кернегендей қатулана түсті. Ерiк аттанысқа өмір күткен жұынгердей тік тұрып, інісінің отты қара көзіне қарады...

Көп ұзамай Ерiк майданға аттанды. Жөнелер алдында олар ауыздарына сөз түспегендей үнсіз ұзақ отырды. Ерiк жалғыз інісін тізесіне мінгізіп, оның жылқының ту құйрығындай қара шашын қайта-қайта сыйпаумен болды.

— Ал, жарайды, — деді ол әлден уақытта, орнынан көтеріліп, — жол ақысы жүру. Мен ел еркіндігін қорғау үшін майданға барам. Ақылды бол, Серiгім. Ананды ренжітпе, үй ішіне көмектес. Өнер үйрен, жақсы оқы. Білмегенінді білуге тырыс. Істегім келмейді дегеннен аулақ бол. «Істегім келмейді» деген ауыру. Қазақ бұны «жалқаулық яки мойны жар бермеушілік ауыруы» дейді. Бұл ауырумен күресе біл. Жөніп шық. Ендігі үй қожасы өзін.

— Жарайды, аға, тапсырманыңды орындаймын, — деді бала, көзіне келіп қалған жас моншағын жұдырығымен сүргің.

— Ой, қой, батыр. Сен қазір жігітсің. Үй несі. Жылағаның уят болады:

Болған екен екі ұлан —

Бірге туған анадан.

Кетті ағасы майданға,

Кек алуға дұшпаннан.

Қалды ауылда Серiгі —

Інісі жанға балаған.

деді — Ерiк інісін жанарынан сүйіп.

— Анама көмек берермін, жоқтатпай сені, аға жан!

— деді Серiк.

— Қош, Ерiгім, құлыным, — деді ана, кірпігіндегі жасты ұлдарынан жасырмақ болғандай, жаулығының ұшымен көзін көлегейлеп...

— IV —

Серiк ертеңнен бастап—ақ үй шаруасына араласты да кетті. Ойынды сирете бастады. Ерте тұрып су

әкелетін болды. Анасы түнгі жұмыстан қайтқанда отын жарып, пеш жағып қоятынды шығарды. Бара-бара шайда қайнатып қоятын болды. Оқуға да алымды болды. Сабақтан қолы босаған кезде ағасының аспаптарын қолына алып, ұсталық жасауға кірісті. Үй ішіне керекті жабдықтарды өзі істеді. Көп ұзамай кәдімгі ысылған ұста болып алды.

— Жүр, ойналық, — деп келген балаларға:

— Көрмейсің бе, жұмыс істеп жатырмын. Мен қазір сендермен ойнар бала емен, үй несімін, жауынгердің інісімін, кейін жұмысым біткен соң келіндер, — дейтінді шығарды. Балалар кеткеннен кейін:

Болған екен екі ұлан

Бірге туған анадан,

Кетті ағасы майданға,

Кек алуға дұшпаннан.

Қалды ауыл да Серiгі —

Інісі жанға балаған — деп әндетіп, оқанадан іске кіріседі.

— V —

Қыс. Серiк сабақтан келген бойда тамағын ішті де, алдыңғы бөлмеде қол шана жасауға кірісті.

— Бала, аман ба? — деді есіктен кіріп келген бір әскери адам.

Серiк ұнатпаған пішінмен бір қарады да, жұмысын істей берді.

— Әй бала, мен саған айтам.

— Жолдас офицер, кешіресіз. Сөзіңізді қайтып алуыңызды сұраймын, — деді Серiк.

— Қалайша? — деді офицер, түсіне алмай, таңданып.

— Мұнда бала жоқ.

— Сенше?

— Мен бала емен, үй несі, оқу отличнигі, жауынгердің інісі, аспап ұстасы, көрмейсіз бе? — деді Серiк, істеп жатқан ісін көрсетіп.

— Кешіресіз, қарағым, жәбірлен бе, жасың кіші болған соң айтқаным ғой.

— Сізге кім керек еді?

— Маған Ерiктің ағасы керек еді.

— Ол кісі күзет жұмысында істейтін еді. Қазір ұйықтап жатыр.

— Оята гөр, қарағым. Мен ол кісіден шүйінші сұрауға келдім.

— Қандай шүйінші, офицер жолдас?

— Ол кісінің майдандағы ұлы Ерiкке Советтер Одағының Батыры деген атақ берілген.

— Қойыңызшы, неткен аброй, шүйіншіңіз дайын, ағатай! Алтымен танысалық. Сол Ерiк батырдың інісі ұста Серiк мен болам, — деді бала офицерге қолын ұсынып.

— Күттықтаймын, қарағым, күттықтаймын, Серiкжан. Оята гөр ананды.

— Қазір аға, — деп бала төргі бөлмеге жүгірді. Бара жатып әндетті:

Болған екен екі ұлан —

Бірге туған анадан.

Ерiк батыр майданда

Кек алып жүр дұшпаннан.

Ұста Серiк ауылда,

Інісі жанға балаған.





ЕРТЕГІ—Аңыз

(Жаяғасы. Басы өткен саяларда)

М. ПРИШВИН

Кұрғақ сай апсыйған үлкен шеңбердің жартыкеш снығы сыяқты айналасы атшаптырым. Тентек сазға құшағы жетпей, жарым жартысына белдеуленіп илген Имеқ сайдың бергі басында—ит, сонау арғы басында-қасқыр ұлыа тұр. Жел де қос ағашты күйзелтіп, үшеуінің ышқынған, ұлыған, зарлаған дауысын жан-жаққа өсекшідей жеткізіп тұр. Дүлей сорлы кімге қызмет істеп тұрғанын қайдан білсін! Оған бәрі бір: ағаш па, адамның жан досы-ит пе, әлде оның қас дұспаны-қасқыр ма-әйтеуір ұлыса болғаны. Сүм жел адамы келмеске кетіп, жұртта қалған иттің жетімсіреп ұлыған дауысын қасқырға жеткізіп, опасыздық істеп тұр. Көкжал, ағаш күңгірінен иттің тірі күңіренісін танып кетіп, ептел қана үңгірінен сыртқа шықты. Сынар құлақты тігіп, шолқ күйырығы шоштандап, дөң басына көтерілді. Осы арада ұлыған үннің Антипычтың күзет лашығының қасынан шыққанын біліп қап,—солай қарай төмпештіктен атқып көсілте жөнелді.

Травканың бағына қарны ашып, өзегі талып кетті. Байғұс мұнайғанда қасына тағы біреуді шақырды ма, кім біледі. Бәлкім, иттің түсінігінде оның Антипычті өлген жоқ, тек әншейін Травкадан бетін бұрып теріс қарап кеткен болар. Мүмкін ит байғұс бүкіл адам баласын әлде неше беті бар бір Антипыч деп те ұғынатын шығар. Егер, оның бір беті әрі қарап кетсе, тағы да сол Антипычтің өзі келіп екінші бетін бері бұрар, баяғысындай жылы жүзбен ішке тартар. Ит те түсіңгіден түңілмес: бұрынғысы сыяқты, бұл жылы шырайлыға да адал жүріп қызмет етер...

Шынында да солай еді, Травка әлгінде ұлып, өзінің Антипычін шақырып еді.

Адам үшін азан шақырып тұрған иттің үніне қасқырдың жаны өш, сол үнді естіп қалған жаққа қарай көкжал құлаштап келеді. Енді бір төрт-бес минут ұлы түскенде, тазыны жалмауыз Көк ұстап алатын еді. Бір жақсысы, тазы Антипычке тілек айтып жалбарынып тұрғанда аш өзегіне түсіп кетіп, Антипычін шақырғанын қойғанды, өзіне хорек іздеп, қоян аулап, із шалуға кеткен болатын.

Бұл оқыйға болған кез жылдың бір жақсы мезгілі еді. Бұл уақытта түнде жорытатын түн жануары қоян таң атса да жатпайды. Күндіз күнімен екі көзі бақыпайып қорқыныштың қойнынан шыға алмайтын қоян жазған, жазғы тұрым таң аппақ боп атқанда да даланы, жол бойын кезіп, емін-еркін жүре береді. Қорықпайды, үрікпейді.

Мінеки, бір көрі көкше қоян екі бала ұрысын болып, екі бөлек кеткеннен кейін, солардың орнына келе қалды. Екі бала сыяқты, бұ да, өкпесін басып, тың тыңдауын тыңдағалы қойтасқа кеп шығып отырып еді. Ойда жоқта жел ышқынып, ағаштар өкпе қалғаны зәресін алды. Қорқып кеткен қоян қойтастан ышқып түсіп, артқы аяқтарын алға лақтыра тастап, қоян секекпен жүгіре жөнелді. Қатерлі Қара жылымға тура кетіп барады. Өзі жақсылап түлеп те бітпепті,—жерде қалған ізі былай тұрсын, жолшыбай бұталар мен былтырғы биік шөптің бастарына жабағы жүшін бұдыратып іліп кетіп барады.

Қоян келіп тасқа отырып кеткелі бір қыдыру уақыт өтіп еді. Сөйтсе де Травка оны ізінен біліп қалды. Қоянды қуып берер еді, екі бір кішкентай адам мез қарзеңкенің тасқа түскен таңбалары, піскен картоппен нанның тәтті иісі аңқып, кешкестеп арбап жібермейді.

Сөйтіп, Травканың алдында шешуші қыйын жұмбақ тұр-шешу керек: сұр-көкшенің ізімен, екі кішкентайдың бірі кеткен Қара жылымға қарай жүрген жөн бе, әлде Қара жылымның оң жағын ала орағытып кеткен адамның ізіне түскен жөн бе?

Егерде нанның екі кішкентай адамның қайсысында екенін білген болса, қыйын жұмбақты оңай шешер еді. Шіркін, сол наннан кішкене жер ме едім, қоянды өзіме деп қумай, сол нанның иесіне әкеп берер ме едім-міне сол сәттегі тазы арманы осы еді.

Апырау қайда бардым, қай жаққа...

Мұндай халге ұшырағанда, адам болса, дал болып, «ақылы алтау, ойы жетеу» боп тұр дер едік. Тазының сөйткенін аңшылар: тазы қиысылады, дейді.

Сол айтпақшы, Травка дағдарғаннан қатты қынжылды, қынсылап қоя берді. Сөйтіп, тазының әдетінше, басты жоғары көтеріп қойып: көзді алысқа қалап, тұмсықты бір төмен, бір жоғары, біресе жан-жағына бойлатып іс іздеп, айналып-үйріле бастады.



Бір уақытта Настя кеткен жақтан кенет үп еткен желдің лебіне келгенде, көкті сүзіп айналып тұрған тазы кілт тоқтай қалды. Травка біраз тұмсықты желге төсел тұрып, қоян құсап, артқы екі аяғына шырып, оқтай шаншыла қалды.

Ағаш қорушының тоғай ішіндегі бейнеті ауыр болады.

Жұртқа отын босатып тұру керек. Антипыч, аяғыма оралғы болар деп, Травкасын таңертең үйдің жанына байлап кеткенді. Мойындағы шынжырдың биік темір ілгектегі ұшы арқанмен байланған болатын. Таңертеңнен байлаулы тұрған Травка бұл жайды түске таман ғана білді. Білісімен тазы үй іргесіндегі көмбе-топраққа шығып, артқы екі аяғымен тік тұрып, алдығы аяқтарымен арқанды өзіне қарай тартып, шайнай-шайқай кешке қарай үзді. Іле, мойнындағы шынжырды сүйретіп, Антипычтың соңынан іздеп кетті. Антипыч жүріп кеткелі жарты сәткеден артық уақыт өтті. Жүрген ізі суып қалған. Оның үстіне, шық сыяқты сіркелеген жаңбыр да шайып кеткен. Оның есесіне, күні боғы тоғай ішінде табиғат ұйқыға кеткендей зор тыныштықпен мүлгіп тұрған еді. Ұзақты күнге бір жұтым ауа тұрған орнынан жылжыған жоқ. Осындай қаймағы бұзылмаған тынық ауада шыныққан темекінің қылдырықтай түтіні кешке дейін исі шығып, салбырап тұрған да болатын. Травка Антипычті ізімен табу мүмкін емес екенін бірден білді. Басты жоғары салып, тұмсығымен нискелеп орағытып жүріп, бір мезгілде темікі иісі шыққан ауаның бір жұтымына тап болды. Сол темекінің сілемімен ептеп-ептеп, ауада нәзік ізді бір жоғалтып, бір тауып отырып, сүйте-сүйте иесіне жетті.

Баяғыда бір рет осылай болған. Қазір желдің бір ғана желліп кеткен лебі күдікті бір иісті мұрнына әкеп болар-болмас сүйкеп өтіп еді,—тазы тұрған орнында қара тастай қатты да қалды. Сілейіп күтіп тұр. Жел

енді бір соғып, қалғалда, баяғыда, артқы екі аяғына шаншылып тұрып, иіс тартып көріп еді: картоп пен нан жел соққан және бағанағы екі кішкентайдың бірі кеткен жақта екеніне көзі жетті.

Травка қой тасқа қайтып келіп, тастағы қарзенкенің иісін әлгі жел әкелген иіспен салыстырып қарады. Соңсон екінші кішкентай адамның ізіне, онымен бірге қоянның да ізіне зер салып анықтады. Жұмбақ шешілді.

«Сұр-көкше қоян мына түзу жолмен күндізгі жатағына кеткен екен. Кебегі осы маңның бір жерінде алыс емес.—Қара жылымның қасында болу керек. Ол енді кешке дейін тырп етпей жатар, ешқайда да кетпес. Ал, ана наны мен картобы бар адам ұзап кетуі мүмкін. Қайсы сы артық деп салыстыруға ауыз бармайды. Дардар айырып, сырт-сырт сындырып, қылқ-қылқ жұтпақ болып қоян қуғанымша, қара басым үшін қансорпа боп сабылғанымша, адам қолынан бір үзім нан мен бір сыйпағанын алғанымның өзі неге тұрады. Мүмкін, тіпті сол адам маған Антипыч боп шықса, одан үлкен не тілеймін»—тазының басына келген ойлар осы еді.

Травка, түзу із жатқан қара жылым жаққа тағы да бір қалалып, ойын бекітті. Қара жылымды оң жағынан орағытып кететін айналма соқпаққа қарай бетті түзеді. Көңіл күдігі кетсін деп, тағы бір артқы аяғымен тік тұрып, ауаны тұмсығымен аралатып түйіп өтті. Құйрықты бұлаң еткізіп, айналма соқпаққа қарай жүгіре жөкелді.

(Жалғасы бар).



Барлық мектептерде майдың 20 күні сынақ басталды. Сынақты 4—7 класс оқушылары асқан жігермен қарсы алды. Олар бұл сынақтың келесі оқылу орталау, орта мектептерге көшу үшін маңызы зор екенін түсінгендігін сынақ үстінде көрсетті. Көптеген оқушылар сынақты «б» деген бағамен өткізуде.

Суретте: Алматы қаласындағы № 18 ербалалар қазақ орта мектебінің 6-класс оқушыларының тарих сабағынан емтихан тапсырып тұрған кезі. Солдан оңға қарай тарих пәнінің оқытушысы З. Қасымова, емтихан комиссиясының мүшесі, оқытушы К. Боқашова, сұрақтарға жауап беріп тұрған оқушы Ш. Егеубаев.

АЛҒАШҚЫ СЫНАҚ

САПАРЛАРЫҢ

сәтті

Кен байлығы- ел байлығы



А. МАШАЧОВ.
Геология—минерология
ғылымдарының докторы

Балалар! «Пионер» журналының I-санында «Алыпты ашқан Апақ» деген әңгіме басылды. Мұнда он төрт жастағы Апақ, бүкіл Қазақстанның алыбы—Қарағанды кенін тапқандығы әңгіме етілген.

Апақ оқыған да бала емес, саяхатшы да бала емес, ол тек қойшы бала. Айналасын қоршаған табиғатпен өз бетінше әуестенген бала. Ол—бір күні қой соңында жүріп суыр ұстау үшін інің аузына от салған. Ол оты келесі күні де сөнбей пықсый берген. Апақ бұған таңқалып үлкен мән беріп, кен зерттеушілерге хабар етеді. Содан барып Қарағанды көмір кені ашылады.

Бұдан біз екі түрлі ұлы маңызы бар мәселені білеміз. Біріншіден, байлықтың қайнар бұлағы жер, табиғат. Онда адам қоғамына керекті заттың, байлықтың, кеннің ұлы қоймасы, сарқылмас қазнасы бар. Кен байлығы—ел байлығы. Табиғаттың бұл қазнасының еліміздің мәдениетін, техникасын, қуатын арттыруда маңызы зор. Ал, екіншіден, бұл байлықтың көзін ашатын тек оқымыстылар емес, барлық совет халқы, мектеп оқушылары, пионерлер—жас саяхатшылар.

Кен табуда біздің халқымыз елімізге елеулі көмек тигізіп отыр. Осы күнгі белгілі кендердің көпшілігін тапқан халық, олар: колхозшылар, бақташылар, жұмысшылар, аңшылар, мектеп оқушылары.

Алтайдағы атақты кен орындарын Лениногорскі, Зырян, Қаратау кендерін, Жонғар Алатауында Текелі қорғасын, күміс қазналарын Жезқазған, Қоңырат мыстарын, Майқайы, Степняк, Жетіқара, Жолымбет алтын орындарын да тапқан халық.

Балалар! Быйылғы оқу жылы аяқталды. Туған өлкемізді зерттейтін қызықты күн басталып келеді. Сендер саяхатқа аттанасыздар. Бұл саяхатта Қазақстанның алуан түрлі өсімдіктері мен жер қыртыстары, кен

байлықтарымен танысасыздар, зерттейсіңдер. Мектептерімізге жаңалықтар әкелесіндер.

Саяхат сапарларында сендерге түсі, тегі таныс емес көптеген заттар кездесер. Ол заттарды сендер жете білуге зер салыңдар. Өткені, табиғаттағы заттар таза күйінде кездесе бермейді, олар бірден тануға қыйын қосынды түрде көп ұшырайды. Мысалы: табиғаттағы заттар химиялық қосындылар түрінде—минерал түрінде кездеседі. Түрлі элементтер қосылып, минерал болады. Ал, минералдар жыйнала келіп, әртүрлі тау жынысына, тастарға айналады.

Металдарды алсақ, олар, күкіртпен қосылып сульфид түрінде, оттегімен қосылып тотық, немесе көмір қышқылымен қосылып карбонат түрінде кездеседі.

Олардың қандай метал, қандай минерал екенін тану, айыру үшін сыртқы белгілерін, түсін, формасын білу хажет. Әрбір минералдың өзіне тән сыпаты болады. Минералдар қырлы келеді. Оны кристалл деп атаймыз. Кварц деген минерал кәдімгі шыны жасайтын ақ тас болады. Оның таза түрі алты қырлы болады, оны сутас деп те атаймыз.

Қорғасын кені сұр түсті, жылтыр,

төрт қырлы, текше келеді. Ол үгітілгіш, отқа салса, балқығыш, салмағы ауыр зат.

Мыстың күкіртпен қосылған түрі—сары, қарақоңыр, жайнап, құлпырып тұрады.

Көбінесе, мыс кен тастарының жер бетінде жақын жатқан үсті көк келеді. Мырыштың күкіртке қосылған түрі сарғылт, сұр, жылтыр болады. Алтай, Алатау, Қаратау, Арқа кендерінің көпшілігінің сыртқы түсі қанқызыл, кәдімгі қызыл бояу сыяқты, болмаса ашық түсті болады.

Біздің елімізде қазынды кендер толып жатыр. Олардың түсі де, хасиеті де әртүрлі. Бұл республикамыздың қай жерінен болсын табылуы, кездесуі мүмкін. Өте—өте таулы, тасты, құмды жерлерде көп болады. Ұшыраған заттың, кеннің тегін айыру үшін, оның салмағын, түсін, алдын ала білетін болулары керек. Күнде көріп жүрген заттарыңнан ерекшелігі бар, оқу кітаптарында кездеспеген өзгеше бір затқа тап болсаңдар, елеусіз қалдырмаңдар. Саяхат сапарларыңда алдарыңа қойған мақсаттарыңа сәйкес кітаптарды ала шығыңдар. Ол кітап сендерге көп көмек көрсетеді.

Саяхат сапарыңда әрбір оқушы, пионер ұқыпты, тыянақты, ұстамды, байсалды болуы тиіс. Зерттеген жұмысын аяқтап шығуы, оған тәтілікті болуы керек. Маңызы бар деген заттың түрін, түсін, сыпатын, салмағын, оның қай жерден табылғанын, маңында қандай белгілер барын анықтап жазып алу керек. Саяхаттан оралғанда, оны тиісті ғылым мекемесіне, кен зерттеу орындарына хабарлау жөн.

Сонымен, жас саяхатшылар, Отанымыздың жас ұландары, Сапарларың оң болсын, Еліміздің байлығын, қуатын күшейте беруге көмектесейік! Саяхат сапарларыңда көптеген жаңа кендер, пайдалы қазыналар табуларыңа тілектеспін.



Болсын!



Л. ЯКОВЛЕВА
Ботаника бағының ғылыми
қызметкері

Улы өсімдіктер



Аспан ала бұлт, күн салқын еді, Жаздың қоңыр желі майдалап қана шалқый есіп тұрды. Бұл қала маңындағы тауға саяхатқа шыққан балалардың жүруіне бөгет жасамады. Олар тауға өрмелеп келеді. Тау басына шыққан соң балалар біраз уақыт жан-жаққа көз жіберді. Сонан соң өздерінің негізгі ойға алған істерін орындауға кірісті. Түрлі гүлдер мен өсімдіктер тере бастады.

Олар үйге қайтар кезде, аспан бұлттан ашылды, бұлттан шыққан күн нұры ауаны қыздырып жіберді. Қушақ—қушақ гүлмен неше алуан өсімдіктер теріп алған қыздар шаршап, гүлдерін ауырлағандай болды. Біраздан соң олар пенжектерін шешіп алып, көйлекшең жүрді.

Гүлін біресе қолтықтап, біресе аркалап келе жатқан Катяның мойнын бір нәрсе тістеп алғандай ашып, дуылдап кетті. Ол шошып, гүлін жерге түсіріп алды. Қыздар қараса, оның мойны мен білегінің бірнеше жері қызарып кетіпті. Қызарған жерінің ортасы күйген сыяқты күлдіреп қалыпты. Көп ұзамай—ақ басқа қыздар да сондай күйге ұшырады. Барлығы да гүлдерін лақтырып жіберді. Тек Ахмет пен Салиха қана гүлдерін денелеріне тигізбей еппен үйге алып келді.

Ахмет үйге келгенсоң әжесіне уақыйғаны айтып, гүлін көрсетіп еді әжесі:

—Бұл у шөп, аты күйдіргі көк. Таста, денеңе тисе күйдіріп жібереді,— деді.

Ахмет әкелген гүлін таптап тастамақ болып, есіктен шыға бергенде, үйге апасы Әмина кірді. Әмина бастауыш мектепте оқытушы болып істейтін. Ахметтің қолындағы гүлді көріп:

— Ахмет қандай әдемі гүлдер әкелгенсің. Ыдысқа салып, су күйіп стол үстіне қояйық — деді.

— Әжем у гүл дейді,— деп Ахмет апасына да бүгінгі болған уақыйға-

ны түгел баяндап шықты. Әмина күлді, інісіне қарап:

— Рас, ол улы шөп. Бірақ, көрдің бе? Гүлі қандай ал—қызыл әдемі. Бұл шөп өзінің сабағы мен жапырағынан эфир майы деген ұшпалы сұйық зат шығарып тұрады. Денені күйдіретін сол май. Эфир майы тиген жер әуелі ашып қызарады. Одан соң күлдіреп жараға айналады. Жазылғанда орны қара дақ боп қалады. Сондай хасиеті арқылы өзін мал жеуден қорғайды. Дененді тигізбесең ешнәрсе етпейді. Өсімдіктердің хасиетін біліп алу керек, — деді.

Ал, балалар! Міне, көріп отырсындар, әртүрлі өсімдіктердің өзіне тән түрліше хасиеті болады. Оны білмегендер жоғарыдағыдай қолайсыз жағдайға кездеседі. Сондықтан әркім өзі тұрған аймақтағы өсімдіктердің түрін, хасиетін, оның пайдалы зиянды жақтарын жақсы зерттеп біліп алуы керек. Жерде неше алуан өсімдіктер өседі. Оның ішінде малға жұғымды, адамға пайдалы шөптер де

көп. Керісінше, малға да, адамға да зиян келтіретін, тіпті, өлтіріп жіберетін у шөптер де бар, олардың кейбіреулерінен пайдалы дәрілер жасалады.

Балалар, сендер жазда отан тану саяхатына шығасындар. Дәрі — дәрмек жасалатын өсімдіктер жыйнап қайтасындар. Сондықтан мен сендерге бірнеше дәрі жасалатын улы өсімдіктер туралы айқалы отырмын. Олардың бірі—мендуана дейтін улы шөп. Мендуана биіктігі бір метрге жуық болып өсетін өсімдік. Ол далада ескі жұрттарда көп өседі. Мендуана жаз ортасында түп жағы қоңырқай, ақ гүл шашады. Кейін сол гүлдің орнына қақпақты сауыт өседі. Оның ішінде, мендуананың ұсақ қара дәні болады. Осы дәні у. Дәрігерлік орындар одан кейін іш ауруларын басатын дәрі жасайды. Улы шөптің тағы бірі—мысық күйрық дейтін өсімдік. Ол тауда өсетін қымыздық өсімдігі тәрзлес болады. Және су ішінде өседі. Оны мал да, адамда жемейді. Мысықкүйрықтан қан тоқтататын дәрі істеледі.

Шытыр да—улы шөп. Одан мал көп өледі. Шытыр далада, жол жағаларында өседі. Ал, шытырдан жараны емдейтін дәрі жасалады.

Қызыл мия өзен жағалауында өседі. Қызыл миядан балалардың кейбір ауруларын емдейтін дәрі даярланады.

Жазда дәрі жасалатын өсімдіктерді жыйнауға шыққанда, оның тек сабағын ғана үзіп алып келтіруге болмайды. Қандай өсімдікті болмасын, оны жақсы зерттеп білу үшін сабағын түбірімен қоса қазып алу керек. Сонан кейін ғылыми жолмен суыи сығып, қағаз бетінде кептіру тиіс. Өсімдіктің әрқайсысының астына қашан және қай жерден алынғанын түгел жазып қою хажет. Сонымен бірге оның қай өсімдіктермен тұқымдас екенін жазу керек. Бір тектес өсімдіктерді әлде неше жерден жыйнап алып, кептіру өте пайдалы. Себебі, ол—сол өсімдіктерді мұқият зерттеуге мүмкіндік береді.



Мендуана

АЛТАЙШЫ ДӘН

И. СҮЛЕЙМЕНОВ

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы

Балалар, байтақ өлкенізге қараңдаршы! Көз жетпес кең дала. Бірақ, бұл менреу дала емес, бұл сәулетті қалалары, әлді-ауқатты ауылдары, көңілді еркті халқы бар өлке. Осындай бахытты өлкеде өмір сүрген болашақтың гүлі сендерсіңдер!

Жерінің көлемі 3 миллион шаршы километрге жуық бұл кең өлке — Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы. Ұлы Октябрь Социалистік революциясына дейін осы ұшан-теңіз өлкені мекендеген қазақ халқының негізгі кәсібі — мал шаруашылығы ғана болған еді. Ал, қазір ше? Қазір халық шаруашылығының барлық саласы арнасына толып, өркендеген ел болды. Дәл бүгін егін шаруашылығымен айналыспайтын ауыл, колхоз, совхоз жоқ. Мұны сендер өздерің туып, өскен колхозды ауылдан байқайсыңдар.

Қазақстанда алуан түрлі дәнді егістер бар: күздік және жаздық бидайлар, тары, арпа, қара бидай, жүгері, күріш, бұршақ тағы басқалары. Булардың ішінде ең маңыздысы, елімізге ең керектісі — бидай болып табылады. Сондықтан да бидайды халық «алтын дән» деп атап кеткен.

Бидайдың тарихы ерте күннен басталады. Ол атам заманынан өсіріліп кележатқан мәдениетті өсімдіктің бірі. Бидайдың алғашқы шыққан жері — Африканың (Абиссиния) Солтүстік-шығыс жағы мен Азияның Оңтүстік-батыс жағы. Бидай егісі барлық елдерге де осы жерлерден таралды. Қазір ССР Одағында егілетін бидайдың көлемі бүкіл жер жүзіндегі егілетін бидайдың тең жарымына жуық.

Советтер Одағында жазғы бидайдың дені еліміздің шығысы мен оңтүстік-шығыс облыстарында егіледі. (Алтай өлкесі, Қазақ ССР, Челябині, Омскі облыстары т. б.) Еліміздің жана техникамен қаруданған социалистік ауыл шаруашылығы бұрын жаздық және күздік бидай шықпайды деп жүрген болжаулардың тас-талқанын шығарып, ол жерлерде мол өнімді бидай өсіріп отыр. Жаздық және күздік бидайлардың көлемі революцияға дейінгіден әлде қайда көбейіп, өнімділігі бірнеше рет арттырылды. Өнім алу жағынан ССР Одағы жер жүзінде бірінші орын алады.

Республикамыздың солтүстік-шығыс облыстарында егілетін барлық дәнді егістің 60 процентке жуығы, ал, кейбір облысымызда (Солтүстік Қазақстан) барлық егілетін егіннің 70—75 процентке дейінгі жаздық бидай. Біздің республикамызда жаздық бидайдың мына түрлері егіледі: москрен (өртең жал), қожа бидай, ақ бидай, тас бидай. Тас бидай оңтүстік облыстарда шөлге себіледі. Бізде күздік бидайдың көп тараған түрі — қызыл бидай. Сонымен қатар Қарағанды облысына алабас дейтін күздік бидай егіледі.

Жаздық бидай егісінің көлемі Қазақстанда жыл сайын өсіп келеді. Қазақстанда егілетін жаздық бидай-

дың көлемі 1940 жылы Одақта егілетін жаздық бидай көлемінің 13 проценті болса, 1945—46 жылдары 17—18 процентке жеткізілді. Сонымен қатар өнімі де арттырылды. Ал, жаздық бидай республикамызда әртүрлі жағдайда өседі. Ақ бидай оңтүстік облыстардың аңзақ даласына суарылып егілсе, солтүстік облыстардың ашық даласында да, батыс және орталық облыстарымыздың суы тапшы аудандарында да, тіпті Қарағанды облысының сусыз далаларына да егіледі.

Жас достар! Осындай тамаша гүлденген өлке бірден бола қалды дейсіңдер ме? Әрине, олай емес. Мұны дәлелдеу үшін, мен Октябрь революциясынан бұрынғы дәуірде өмірдің талай ашы дәмін татқан, талайды басынан кешірген, қазіргі біздің заманымызда бахытқа көнелген бір қарттың әңгімесін келтірейін:

— Қарағым! — деді, ол маған қарап. — Тыңдасаң, диханшылықтың жайын айтпақпын, егіншілік кәсібін мадақтамақпын.

Қай жылы екені анық есімде жоқ, әйтеуір совет өкметі орнамастан 15—20 жылдай бұрын, бір қырғын жұт болды. Бұл жұтта қазіргі Ақмола облысында қыруар мал қырылып, бірнеше тайпа ел тұяқсыз қалды.

Егін егіп, диханшылықпен шұғылданып жүрген шаруаларға мұндай жұт онша қиын болмады. Бірақ, малдан басқа сенері жоқ көшпелі ел бұл жұттан кейін босып кетті.

Бір жыл қуанышылық болып, егін шықпай қалса, оны келесі жылы немесе екінші жылы орнына келтіруге болады екен. Бірақ, тұяқсыз қалған елді малдандырып, қалпына жеткізгенше бірнеше жылдар өтетін көрінді.

Ал, қазіргі коллективтенген шаруашылықты, төрт түлігі мен алтын дәні тел өскен шаруашылықты ешқандай апат ала алмақ емес. Совет өкметі орнағаннан бері жұт сыяқты табиғаттың дүлей күшіне әл бермей отырмыз. Қолымызда мына болат құралдар тұрғанда, еңбегіміз ешуақытта да еш болмайтынына көзіміз жетеді. Мынау жайқалып тұрған ақ бидай — еліміздің байлығы, біздің еңбегіміздің жемісі ғой.

Қарашы, баләм! Дәл осы жерді бұдан отыз жыл бұрын қу тақыр болды десем, сенерсің бе? Мынау алтын дән қауызына симай тұр ғой. Қырық-елу центнер өнім алмас па екенбіз, дәл осы бір аумақтың әрбір гектарынан. Шамам дұрыс емес пе, қарағым, ә? — деп қарт көзін қалқалап алысқа қарады.

— Дұрыс отарасы, дұрыс айтасыз! — дедік біз.

Бұл сөзіміз өзгеше бір жігер туғызып, қуанышқа бөлегендей болды ол қартты. Бурыл сақалын сыйлап қойып:

— Солай болуға тиіс. Жаздайғы адал еңбегіміз нәтижелі болған екен. Быйылғы уәдеміз бойынша үк-

метке жоспардан тыс 35 мың пұт астық беруге тиісті едік. Өтейміз, оны да өтейміз, — деді.

Шынын айтқан қарияға не айтуға болады.

— Дұрыс айтасыз, ата! Көпті көрісіз. Көрін білгі көңілге түйгендеріңізде жастарға сабақ боларлық көп нәрсе бар көрінеді. Іске сәт! — деді те, егін орып жүрген қартпен қоштасып өз жөнімізге жүріп кеттік.

Қазақстан жері қазір — шын маңнасында гүлденіп, бахыт құшағына бөленді. Жаңағы біз өңгімелескен қарт өлкеміздің қай бұрышына барсаң да табылады. Сол қарттардың бірі, өздеріңе белгілі, бүкіл жер жүзіне аты жайылған, даңқты — Шығанақ Берсиев аталарыңыз еді.

Шығанақ Берсиевтің ұсынысымен өмірі суға өзегі қанбаған жер суландырылып, ғасырлар бойы адам баласына німеген аймақ, қазіргі «Құрман» колхозы (Ақтөбе облысының Ойыл ауданы) бұршақтай ақ тарыға кенелді. Бүкіл жер жүзін тандапдырған, бұдан бұрын тарихта болмаған үздік мол өнім тек совет елінде, біздің өлкеде ғана алынды. Мәжкүм Шығанақ атамыз ақ тарының әрбір гектарынан 201 центнерге дейін өнім алған болатын. Оның еңбегі халыққа да, тарихқа да, ғылымға да мақтан.

Коллективтенген социалистік ауыл шаруашылығымыз егіннің өнімін молайтуға үлкен жағдай жасады. Революциядан бұрын Қазақстанда бидайдың әрбір гектарынан орта есеппен 6 центнер астық алынған болса, қазір бидайдың әрбір гектарынан орта есеппен 10 центнерден астам астық алынып отыр. Ал, қазір кейбір шұрайлы егіс жерлерінен 45—47 центнерге дейін өнім алып отырмыз.


Совет үкметі тұсында қазақ халқының ауыл шаруашылығы атап айтқанда, егін шаруашылығы керемет шарықтап дамыды. Октябрь революциясынан бұрын қазақтың диханшылық саймандарына күрек, кетпел,

ағаш соқадақ басқа құралы болмаған. Ал, қазір Советтік Қазақстанның бай ауыл шаруашылығының түрлі алып құралдары бар. Республикамыздың колхоз, совхоздарында жарты миллионнан аса аттың күшіндей трактор, 12 мыңнан астам қаражердің кемесі — комбайн, осыларға тіркелетін жүз-мыңдаған түрлі ауылшарушылық саймандары, көлікке жегілетін машина саймандары бар. Міне, осылардың барлығы да шаруалардың еңбегін жеңілдетіп, жұмыс өнімділігін арттыруға, егістен мол астық алуға жағдай туғызып отыр.

* * *

Сталиндік төртінші бесжылдықтың аяғында — 1950 жылы Қазақстанда егіс көлемі 7.286 гектар болуға тиіс. Бұл 1945 жылғыдан 2227,6 мың гектар артық болады деген сөз. Осының ішінде дәнді егіс көлемі 1950 жылы 5336 мың гектар болады, ал, бұл 194 жылмен салыстырғанда 407 мың гектар артады деген сөз. Төртінші бесжылдықта дәнді егістің жалпы өнімі республикамызда 1945 жылмен салыстырғанда, екі есеге дейін өскеніші. Дәнді егістен мол өнім алудың жаңа бесжылдықта белгіленген неше алуан шаралары бар. Бұл үшін егіс шаруашылығының мәдениеті арттырылады, агротехникалық ғылымдардың жаңа табыстары кеңінен пайдаланылады, барлық колхоздар мен совхоздарда ауылшаруа егістер қалпына келтіріледі.

Балалар! БК(б)П Орталық Комитетінің февраль пленумының қаулысы бүкіл совет халқы алдына зор міндеттер қойды. Быйыл сталиндік жаңа бесжылдықтың екінші жылында, егіннен мол өнім алып, Отанымыздың астық қорын байыта беру — бүгін таңдағы ең басты міндет болып отыр. Бұл міндетті орындауға сендердің ата-аналарыңыз, ана-ағаларыңыз жаппай жұмылууда. Бұл зор міндетті орындауда сендер де үлкен адамдарға шын қолқанат, қолқабысыны болуларың тиіс. Отанымызды гүлденген үстіне гүлдендіре берейік!



АУЫЛ ПИОНЕРЛЕРІНІҢ АЙБЫНДЫ МІНДЕТТЕРІ

А. ДАУЫЛБАЕВ

Қазақ ССР ауыл шаруашылық министрі

Балалар, еліміздің өмірі үшін ауыл шаруашылығының қандай үлкен маңызы бар екені өздеріне мәлім. Өнеркәсіптің шарықтап өсуі, халқымыздың мәдени және тұрмыс халінің жақсаруы ауыл шаруашылығының өркендеуіне тығыз байланысты.

Жуырда республикамыздың колхозшылары мен колхозшы әйелдері, ауыл шаруашылығы қызметкерлері данышпан көсеміміз және ұлы ұстазымыз Сталин жолдасқа хат жазды. Олар ол хатында быыл республикамыздың барлық колхоздарында егін көлемін 380 мың гектар ұлғайтуға, онымен бірге барлық ауыл шаруашылық егістерінің өнімділігін арттыруға міндеттеме алды.

Республикамыздың барлық облыстарында егіс науқаны қызу қарқынмен өтті. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер және социалистік ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлері егіс даласында жанқиярлықпен еңбек етіп, үстіміздегі жылы егістен мол өнім алудың негізін салды.

Міне, осы егістен мол өнім алу жолындағы ұлы күрестен ауыл пионерлері шетте қалуға тиіс пе? Әрине, жоқ. Ауыл пионерлерінің сол сыяқты қала пионерлерінің ең басты міндеті — оқу жылын ойдағыдай бітіру еді. Бұл олардың Отан және халық алдындағы ең бірінші басты міндеті.

Мектептерде оқу жылы аяқталды. Балалар жазғы демалысқа шықты. Бұл республикамызда егістен мол өнім алу үшін күрестің нағыз қызу жүріп жатқан кезі. Осы кездерде ауыл пионерлері егіс жұмыстарында үлкендерге нақтылы көмек көрсетуге тиіс.

Ересек пионерлердің колхоз жұмысының барлық саласында да жұмыс істеп, колхозшыларға көмек көрсету қолдарынан келеді. Сол сыяқты жас пионерлерде колхоз ісінен сырт қалмауы керек. Олар да егіннің арам шөбін жұлуда, ауыл шаруашылығына зиянды жәндіктерді жоюда үлкен іс атқара алады.

Балалар, егіс даласына, тұқым себетін аңызға агротехникалық көзбен қараңдаршы, егістік жердің, аңыздың топрағы ешқашанда таза болмайды. Онда көптеген арам шөптің тұқымдары, тамырлары, сабақтары бар. Оқымыстылар бір шаршы метр егістік жерде арам шөптің жүз мыңдаған тұқымы болатындығын анықтады. Ал, бір гектар егістік жердегі қалың өскен арамшөптің тамырының ұзындығы 700 километрге дейін кетеді. Арам шөптің осы миллиардтаған тамырлары мен сабақтары барлық егіс даласына жайылып, мәдени өсімдікке хажетті минералды заттар мен дымқылды алып қояды.

Сонымен қатар арам шөп өте тез өседі. Көптеген арам шөптер егіс даласында тек тұқымы немесе тамыры бар болғандықтан ғана өсіп көбеймейді, тіпті тамырларының үзгі немесе сабағының бір сынымы болса да, содан өсіп, көбейіп егіс бетін қаптап кетеді. Ал, кейбір арам шөптердің сабағын кесіп тастасак екі-үш күннен соң жаңағы кесілген жерден оншақты жаңа сабақтар өсіп шығады.

Арам шөптер өзінің осы өсімталдығы мен өңгіштігі арқасында, егіс даласын тез басып кетеді, мәдени өсімдіктерді тұншықтырады, яғни өсірмей тастайды. Сөйтіп егіннің өнімділігін азайтады. Совет оқымыстылары біздің елімізде арам шөптердің жыл сайын жүз мыңдаған тонна астықты, мақтаны, картопты және

басқа да мәдени өсімдіктерді «жеп қоятынын» есептеп шығарды.

Жазда, июнь-июль айларында, егістің осы жауларымен—арам шөптермен күресуге колхозшылар жаппай егіс даласына аттанады. Арам шөптерді жұлуды, отау маусымы басталады. Осы кыйын, бірақ аса маңызды іске ауыл пионерлері де атсалысуы хажет. Пионерлер, сендер де егіс даласын ыждаһатты түрде тазартыңдар. Егістік жерде арам шөптің бірде-бір тамырын, сабағын қалдырмаңдар. Жұлған, отаған шөптерді бір жерге жыйнаңдар да, от қойып, өртел жіберіңдер.

Арам шөптер сыяқты, кеміргіш жәндіктер: саршұнақ, атжалман, көртышқан, шұбартышқан, егеу күйрықтар да егіске үлкен зиян келтіреді. Олар егіс далаларында, бау-бақшаларда жылына жүз мыңдаған тонна астық, оwoшь, жемістерді күртады. Бір жыл ішінде бір саршұнақ тышқан 5 килограмма астықты жеп қояды. 16 килограмма астықты қыс бойы ініне тасып алады. Ал, атжалман одан да көп жейді. Әрбір кеміргіш жәндік 20 килограмм астық жесе, барлық кеміргіштердің қанша тонна астықты ысырап қылатыны өзінен өзі мәлім болады.

Қыс бойғы ұзақ ұйқыдан кейін саршұнақтар, тышқандар індерінен шығады да, тамақ іздеп жас өсімдіктерге ұмтылады. Міне, осы уақыттарда оларды аулау оңай болады.

Бұл тышқандардың көбісі суға шыдамсыз келеді. Ініне су кірсе болғаны, олар сыртқа шығады. Аңшылар осыны пайдаланады. Біреуі інге шелекпен су құяды да, екіншісі тышқанның іннен шығуын аңдып тұрады. Ол іннен шыға бергенде, оны қолымен ұстап алады, я таяқпен ұрып өлтіреді.

Саршұнақ тышқандарды кішкене қақпанмен де, тұзақпен де аулауға болады.

Балалар, қолдарына қақпан, тұзақ, қазық және шелек алып, егін даласына аттаныңдар! Егіннің жаулары — кеміргіш зиянды жәндіктерді күртыңдар!

Кеміргіш жәндіктерді күртумен сендер тек егісті, бау-бақшаны аман сақтап қана қоймайсыңдар, онымен қатар, сендер олардың терісін дайындау пункттеріне өткізіп, көптеген пұл, ақша аласыңдар. Кейіннен сол өздерің өткізген аңдардың терісінен бас киім, пальтоға жаға, жылы қолқаптар тігіледі.

Сендердің егіс жұмысына көмектерің тек осымен ғана бітпейді. Сендер ауылдық партия және комсомол ұйымдарына үгіт-көпшілік жұмыстарын жүргізуге елауір көмек көрсете аласыңдар. Әсіресе, егіс даласына, қос басына газет және журналдар жеткізіп тұрасыңдар. Колхозшыларға газет-журнал оқып беріңдер. Газетті жақсы оқыйтын пионерлер демалыс сағаттарында колхозшылардың хұрметті қонағы бола алады. Егіс даласында қабырға газеттерін, жауынгерлік листоктар шығаруда пионерлер үлкен іс атқарады.

Үстіміздегі жылғы егістен мол өнім алу үшін күрес басталды. Пионерлер бұл жұмысқа асқан белсенділікпен қатысуы керек.

Әрбір дружина, отряд, звено, тіпті әрбір пионер егістен мол өнім алуда аз да болса еңбек сіңірсе, онда бүкіл пионер ұйымы социалистік ауыл шаруашылығын қалпына келтіру де және өркендетуде Отанымызға үлкен көмек көрсетер еді. Мұның өзі Ленин-Сталиннің ұлы ісі үшін күресудің деректі түрі болып табылады.

Біз жазды қайда өткіземіз



Оқу жылы аяқталды. Енді көз алдымызда Текелі тауы елес береді. Ол қалың қарағайға оранған, ойында өзен аққан сұлу жер. Ол—баурында еңбек майданы қызып, қорғасын, күміс кені бұлақша аққан—кен ошағы.

Біз Текелі мектебінің пионерлерімен хат жазысып тұратынбыз. Олар хатында «Быйыл Текеліге келіндер тауға шығып серуендейік»,—деп жазған болатын.

Міне, жазғы демалысымызды көңілді өткізуге аттандық. Біз жаз бойы Текелі тауының бай табиғатымен, Текелі өндірісімен таныспақпыз.

Мақтай САҒДИЕВ.

Шубар орта мектебі, 4 — класс оқушысы.

Мен быйыл 3 класты жақсы деген бағамен бітірдім. Қазір демалысқа шықтым. Енді өзімнің бұрынғы туып өскен колхозыма қайтам. Барысымен әке—шешеме, колхозшыларға көмектесемін. Өз қарауыма колхоз фермасынан бір құлынды алып, жаз бойы күтім бағамын.

Жас төл—менің досым. Өткен жылы бір бұзауды бағып күттім. Күзді күні колхоз басқармасы ол үшін маған сыйлық берді.

Мен жазғы демалыс уақытымды колхоз фермесінде өткіземін. Өз қолымнан келген жұмысымды істеп колхозға көмектесемін.

Ахмет АБДЕЛДИНОВ

Шубар орта мектебі, 3—класс оқушысы.

Қызулы еңбек той сыяқты адамды қызықтыра түседі. Күшке—күш, білекке білек күн сайын қосылып жатқаны. Топ—топ болып жұмыс істеп жүрген халықтың ішінде томпақтап бар өліңше қыймылдап жүрген балаларды да көресің. Олардың біреуіне жақындап барып:

—Еңбегің жемісті болсын, шырағым,—десек:

—Айтқаныңыз келсін, «еңбек етсең—емесің», деген ғой,—деп жауап қайтарады.

Бұлар Алматы селендік ауданындағы Калинин орта мектебінің оқушылары. Олардың ішінде өткен жылы жазғы демалысында колхозда жұмыс істеп, 112 еңбек күн тапқан Н. Нұрбаев та жүр.

Былтырғы және быйылғы оқу жылы Нұрбаев өте сәтті аяқтады. Ол

екі жылдай барлық пәнді «5» кө тапсырды.

Нұрбаев былтыр жазғы демалысын кең далада, таза ауада жұмыс басында өткізсе, быйыл да жұмыс басында өткізеді. «Жаз егіс даласында жүріп, әрі дем алып, әрі колхозшыларға қолқабыс тигіземін»,—дейді. Нұрбаевтің бұл тілегіне сабақтас жолдастары да қосылды.

Егіс даласына Түсіпбеков, Қалмахамбетова, Нінәшовалар да барады.

Бұлар өздерінің жазғы демалысын әрі көңілді, әрі пайдалы жұмыспен өткізеді.

Сәлмен ӘБДІРАХИМОВ.

Калинин орта мектебі.

Жаздың жайдары күні еді. Біздің отряд өлке тану саяхатына шыққан. Сырдария өзеніне жаңа жеттік. Дәл алдымызда биік тас қорған көрінді тұр. Бізді бастап келе жатқан мектеп жанындағы комсомол ұйымының секретары Нұржанова жолдас болатын. Оны біз апай дейтінбіз. Апай сәл кідіріп, ойланyp қалғандай болды.

—Балалар, мынау көрінген қорған ескі өмірдің бір мұрасы. Бір жауынгершілік заманда мұнда қол бекініп, ел жауына қарсы ұрысқан. Мұнда талай сыр бар, соға жүрейік,—деді.

Біз қорғанның сыртын жағалап көрдік. Төңрегі қазған шұқырлар, күйген кірпіштің үгіндісі, темір сынықтары жатыр.

Апай бізді ертіп жүріп, әлгі ұсақ тот басқан нәрселерді көрсетті. Қорғанның ұзыны бірнеше жүз метрге созылып кетеді екен.


Балалар да сырлы қорған жайының тыңдауға ынталы еді. Апай қызықты әңгіме айтар-ау деп біз оны қоршай түстік. Бірақ күнрайы бұзылып, апайдың әңгімесін айтқызыған жоқ.

Апайымыз күн жауғалы қара бұлт қоюланып келе жатқанын сезіп, бізді кейін лагерьге алып қайтты. Ал, быйыл сол аймаққа тағы да саяхатқа шығамыз. Сыр дарияның ең өлкесімен, әсіресе, сырлы қорғанмен танысамыз.

Біздің мектептің пионерлері быйылғы жылғы серуенді қызықты өткізеді. Балалар жорық күнін асығыспен күтуде.

З. ЖОЛДАСОВА,

Арыс ауданы, Киров атындағы орта мектеп.



ПИОНЕРЛЕР ШЕЖІРЕСІ

В. И. Ленин атындағы жас пионерлер ұйымының тарихынан

Суреттерін жасаған К. БАРАНОВ

(Жалғасы. Басы өткен сандарда)

1932

Июль—Август

Пионерлердің Бүкілодақтық екі экспедициясы өткізілді.

Бірінші экспедиция түйеге мініп Қазақстанға саяхатқа аттанды. Пионерлер көп гербарий және қуаңшылыққа төзімді тағы өсімдіктердің ұрықтарын жыйнады. Олар өздерінің жыйнап-тергендерін Бүкілодақтық өсімдіктер институтына тапсырды.



Екінші экспедиция екі аяқты арбаға және салт атқа мініп, Солтүстік Кавказға саяхаттап қайтты. Пионерлер дәрі-дәрмек жасайтын өсімдіктерді зерттеп, жыйнап қайтты.

Сентябрь, 3.

Оралдағы Герасимовка селосындағы пионерлер отрядының председатели Павлик Морозов халық жауларының қолынан қаза тапты. Павлик колхоздың ұйымдастырылуына кедергі жасамақ болған кулактарды аяусыз әшкерелеген еді. Әкесінің кулактармен сыбайлас екеніне көзі жеткеннен кейін, Павлик ешбір іркілместен өз әкесіне батыл қарсы шықты. Павликке қоғам мүддесі адамның жеке қара басының мүддесінен артық көрінді.

Табанды жас лениншіл, пионер Морозов халық есінде сақтаулы. Герасимовкада ұйымдастырылған колхозға оның есімі қойылған. Көптеген пионер отрядтары, пионерлер үйлері, мектептер Павликтің атымен аталады.

Алексей Максимович Горький өзінің «Комсомолец, алға бас және жоғары өрле!» деген мақаласында былай деп жазған болатын: «...Пионер Морозовтың ерлігін атап өткен жөн. Ол бала қаны бір туысқан адам руқы жөнінде жау болуы мүмкін екенін, ондай адамды аямау керек екенін түсінді. Павлик Морозовты қаны бір туысқан, бірақ табы басқа қас адамдар өлтірді. Дегенмен ол мәңгі ұмытылмақ емес. Бұл кішкентай батырға үлкен ескерткіш лайық, ондай үлкен ескерткіш тұрғызылады деп мен берік сенемін».

Октябрь, 26.

Курған ауданындағы (Орал облысы) Колесниково селосының кулактары колхоз астығын талаң-таражға ұшыратқан адамдарды әшкерелегені үшін, пионер Коля Мяготинді өлтірді.

Сот кісі өлтіргішті ату жазасына үкім етті.

Ноябрь, 24.

Ленинград пионерлері Совет әуе флотына «Ленинские искры» самолетін тапсырды. Бұл самолет Ленинград қаласы және Ленинград облысы пионерлері мен мектеп оқушыларының қаржысына жасалған еді.



Декабрь, 15.

«Пионерская правда» газетінде Н. К. Крупскаяның бүкіл еліміздің пионерлеріне арнаған «Қоғамшыл балындар» деген хаты жарияланды. Надежда Константиновна хатында былай деп жазды:

«Пионер болу деген-тең қызыл галстук байлап жүру болып табылмайды. Пионер болу деген сөз-айналадағы өмірді жақсартуға белсене ат салысып, оны қалай жақсарту керек екенін ойлау керек деген сөз. Әрбір пионер бұл іске тек мектепте ғана емес, мектептен тысқары жерде де атсалысуы керек».

1933

Июнь.

Отрядтар жұмысын жақсарту жөніндегі Бүкілодақтық жарыста жеңіп шыққан Ивановскі облысының пионерлеріне қарт большевиктер Қоғамының туы тапсырылды.

Июль.

Пионерлердің Бүкілодақтық үшінші экспедициясы қайықпен Еділді өрлеп Ярославльден Костромыға дейін саяхат құрып қайтты. Пионерлер жол-жөнекей малға азыққа жарайтын тағы өсімдіктер іздеп жағалаудағы өрістерді әбден зерттеді. Олар көптеген өсімдіктердің тұқымын жыйнап әкеп, Бүкілодақтық мал азығы институтына табыс етті.

Июль, 12.

Москва аэродромында салтанатты түрде Совет әуе флотына екінші «Пионерская правда» самолети тапсырылды. Бұл самолет еліміздің пионерлері мен мектеп оқушыларының қаржысына жасалған болатын.

Июль—Август.

Ростов облысындағы ауыл пионерлерінің бастауымен мыңдаған пионерлер егінді қорғауға, масақ теруге шықты.

Август, 23.

Харьковта егін күзетуші пионерлердің облыстық слеті ашылды. Харьков облысының егін даласында 2500 пионер күзет жұмысын атқарды. Пионерлер жыйнаған масақтан колхоздар 874659 килограмма астық алды.

Август, 25.

Казан қаласында Татарияның пионерлері ұйымының 10 жылдығына арналған жас пионерлердің Бүкіл-татарлық слеті ашылды. Бүкіл қала мейрам күндердегідей жалаулармен, урандармен және плакаттармен безелінді.

Декабрь.

Ленинград облысындағы колхоз пионерлерінің отрядтары колхоз фермаларындағы жас төлдерді қамқорлықтарына алып, мал қораларды жылы ұстауға көмектесті, бұзаулар мен құлындарды жақсылап күтті.

1934

Январь.

Батыр пионер Павлик Морозовтың жолдастары Герасимовскі мектебінің бірталай пионерлері қысқы демалыс кезінде Москваға келді. Олар Н. К. Крупская және БЛКЖО Орталық Комитетінде қонақта болды. Балалар өздерінің өмірі туралы, пионер жұмысы туралы, Павликтің ерлік өлімі туралы әңгіме айтты.

Январь, 4.

Москвада жас шахматшылардың Бүкілодақтық жарысы (турнирі)



ашылды. Жарысқа 18 қаланың пионерлері мен мектеп оқушылары қатынасты. Жарыста Ленинградтың жас шахматшылары жеңіп шықты.

Январь, 16.

«Правда» газетінде Новая Уда деген Сибирь селосының пионерлері мен мектеп оқушыларының Сталин жолдасқа жазған хаты жарияланды. Сталин жолдас 1904 жылы бұл селода айдауда болған.

Март, 28.

Сталин жолдасының Новая Уда селосының пионерлері мен мектеп оқушыларына жазған жауап хаты жарияланды.

«Новая Уда» (Шығыс-сибирь өлкесі) селосы колхоз жастарының пионерлер мен мектеп оқушыларына, Шатханов, Батурова, Гергенова, Данилов, Дорожеев жолдастарға.

Кешігіп жауап қайтарып отырғаныма кешірім өтінемін. Сіздердің құттықтауларыңыз зор әсер етті. Саусәлемет болуларыңызға, оқуда және қоғам жұмысында табысқа жетулеріңізге тілектеспін. Сіздер оқуды көңілдегідей бітіріп, елімізге хажет болып отырған қажырлы білімді қызметкерлер болып шығады деп сенемін.

Мен, Молотов, Ворошилов және Каганович төртеуіміз сіздерге кішкене сәлемдеме жіберіп отырмыз: бір радиопарат, пластинкалары бар бір патефон. Сіздердің радиоточкаларыңыз енді жақсы жұмыс істер деп ойлаймын.

Сіздерге Молотовтан, Ворошиловтан және Кагановичтен сәлем. Өркендерің өсе берсін.

И. В. СТАЛИН».

Апрель, 19.

М. И. Калинин Москваның сабақты озық оқытын пионерлерімен әңгімелесті. Михаил Иванович пионерлерге:

«Оқу да керек, бірақ, спортты да ұмытып кетуге болмайды, физкультура ойнаңдар, денелеріңді шынықтырыңдар, серуендеңдер, асыр сап ойнаңдар... Бізге денсаулығы күшті, қайратты, ержүрек және білгіш адамдар керек. Батыр болып өсіңдер»,—деді.

Май.

«Жас Ворошиловшы атқыш» значогі белгіленді.



Июнь.

«Еңбекке және Отан қорғауға дайын бол!» значогі белгіленді.

Июнь, 21.

Артекте, лагерьдің 9 жылдығына арналған мерекеде Вячеслав Михайлович Молотов болды. Вячеслав Михайлович пионерлерге арнап былай деді:

«Сендерге, жақсы пионерлерге, барлық жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, барлық саналы шаруалар мен шаруа әйелдер назар аударып, көз тігіп отыр. Олар пионерлер қатарынан социализм құрылысшыларынан оқуды, техниканы және көркем өнерді сүйетін жас түлектері өсіп шығатынын біледі.

Егер сендер бұлшық еттеріңді нығайтып, ойнап, өлең айтып, машықтанып, құлаштарыңды кең жайып, талаптарыңды өсірсендер, ғылым мен әдебиетті оқып, үйреніп, ойға тоқысаңдар, нағыз большевик болып шығасыңдар.

Еңбек пен оқуды жақсы көретін, ойнап, өлең айтып және оқый білетін пионерлер жасасын!»

Август, 19.

Иркутск қаласындағы 6 мектептің «База курносых» дейтін кітапты жазған (балалар бұл кітапта өздерінің пионерлік істері, оқулары, жорықтары туралы жазған болатын) пионерлері Москваның маңында дачада Алексей Максимович Горькийге жолықты.

(Жалғасы журналымыздың келер сандарында).

Жас өнерпаздар



«Жаңа талап» колхозының колхозшылары көктемгі егіс жұмысын аяқтап, колхоз клубына жыйналды. Клубта колхозшылардың жыйналысы болып өтті. Жыйналыс артынан Шұбар орта мектебі оқушыларының өз күшімен дайындаған концерті басталды.

Шымылдық ашылды. Сахнаға Жакелов Әбдуқали шығып колхозшылардан ойын бастауға ұрықсат сұрады. Жыйылған жұрт қол шапалақтан қарсы алды.

Аз тыныштық. Сахнаның төрінде Сталиннің үлкен суреті тұр, жап-жағына қарадан қыйып жасаран қызылды-жасылды гүлдер көзді еріксіз тартарлықтай болып безелген. Сахнаның бір шетіне орындық қойылды. Қолында мойнына қызыл лента байлаған, сырты қызыл сырмен сырланған домбырасы бар, бидай өңді, үлкен кара көзді бала күлімсіреп келіп көпшілікке басын иді де, орындыққа барып отырды. Отырған көпшілік «қалай тартар екен» дегендей сүйсіне қарап, сабырсыздана күтуде. Бала домбырасын қатты бір қағып қалды да, «Өрмек күйін» ойнай жөнелді. Жіп-жіңілікке ақ саусақтары домбыраның пернесінде жорға аттай жорғалап кете барды. Осы кезде күйге ілесө, басында қос уыс үкі тағылған тақиясы бар, үстіне қос өтек көйлек киген, оның сыртынан көк қатыпа камзолын күміс белдікпен қынап буырған, кара торы қыз сахнаға шықты. Ол теңіз толқынының үстіндегі қайықтай, домбыра күйінің толқынына ілесіп билей жөнелді. Сүйсіне қараған жұрттың денесіне ине сұғып аласаң

да білер емес, көзі де, көңілі де екі баланың биі мен күйінде болды.

Күйші де, биші де бар өнерлерін аяған жоқ. Күй толқынымен жас бишінің қолдары мың бұралып, аяқтары да орнымен түсіп биді орындап берді де, екеуі қатар тұрып, көпшілікке басын иіп, шығып кетті. Іле сатырлап соғылған қол клубтың ішін жаңғырықтырып жіберді. Алақан үсті-үстіне соғылып, «қайта, қайта!» деген дауыстар да шығып жатты.

Жайнаңдап, күлімсірей екі бала сахнаға қайтадан жүгіріп шықты да, бастарын иіп-иіп қайтадан шымылдық артына жасырынды. Соғылған қол үсті-үстіне үдей түсті.

Көпшіліктің сұрауы бойынша, екі жас өнерпаз енді басқа бір күй мен биді орындады. Бұлардың өнер-

лерін жұрт сүйсіне тыңдап, қызыға қарап, алғыс айтты.

Бұлар домбырашы күйші — 6-класс оқушысы Пүрпейсов Сәтбек еді де, бишісі — 6-класс оқушысы Советтер Одағының батыры Бансов Матайдың қызы Сәуле еді.

Сәтбек пен Сәуле мектепте болатын үйірмелерге әсересе, би, күй үйірмелеріне үзбей, бар ынтасымен қатысып отырады.

Сәтбекпен әңгімелессен: «Мен домбыра тартуды өте жақсы көремін. Құрманғазы сияқты күйші ата-ларымыздың еңбектерін жақсы білемін. Қазіргі бахытты заманымыздың жетістіктерін мен өзім де күй еткім келеді», дейді. Сәтбек «Құрманғазы», «Шалқыма», «Топан», «Екінді еңбек» және «Он алтышы жыл» деген күйлерді тамаша орындайды.

Сәуле өте зерек. Ол сабақты да жақсы оқиды. Билеуді де жанындай сүйеді. Біреудің бір жаңа биді билегенін көрсе, тез үйреніп ала қояды. Аудандық олимпиадаға қатысып, қазақтың ұлт биін билеп басқалардан үздік шығып, бас бәйгені алды.

Бұл екеуі де ылғый «беске» оқып келеді. Басқа оқушылар бұларды үлгі өтіп, сабақты жақсы оқып, үйірмелерге үзбей қатысады. Мектебімізде қазірдің өзінде-ақ жас өнерпаздардың саны күннен күнге өсіп келе жатыр.

Сталиндік бахытты заманда, жас өнерпазларымыздың өнері су тасқынындай тасып өсе бермек.



Суретте: Сәуле Матсеваның билеп тұрған кезі.

Д. ДҮЙСЕНБЕКОВ,
Шұбар орта мектебі.

ВІЗДІН Кітапхана



„Арпалыс“

«Арпалыс» («Волоколамскі тас жолы») 8-гвардия дивизиясы жауынгерлерінің-панфиловшылардың Москваны қорғаудағы ерлік істерін баяндайтын кітап. Кітаптың басты кейіпкері дивизияның Талғар полкіндегі бірінші батальонының сол кездегі командирі ара лейтенант Бауыржан Момышұлы. Кітапты жазған жазушы Александр Бек.

Александр Бек 1942 жылы майдандағы 8-гвардия дивизиясына барады. Ол панфиловшылардың Москваны қорғаудағы ерлік істері жайында кітап жазуды ойлайды. Бек майданға барған соң Бауыржан Момышұлына кездесіп, одан кітап жазуға керекті материалдар алмақшы болады. Бірақ, бұл кездесу жазушы Бекке оңай соқпайды. Бауыржан әуелі жазушының өзіне ауыр-ауыр сұрақтар қояды, оны алдыңғы шепке апарды, атылған оқ, жарылған снарядтарды көрсетеді, әскери өмірмен, соғыс жағдайларымен таныстырады. Осы көп күнге созылған сыннан кейін:

— Жазыңыз — дейді Бауыржан.— Бірінші тарау. «Қорқыныш». Қорқынышты елеместен панфиловшылар ұрысқа құлшынды...

Міне, осыдан былай қарай Бауыржан жазушыға Волоколамскі тасжолының түсындағы ұрыстарды бастан аяқ баяндайды, кітап жазуға керекті материалдарды айтып береді. Батырдың айтқандарын жазушы кітабына негізгі желі етеді.

Кітаптың басты кейіпкері Бауыржан Момышұлы. Ол қазақ халқы-



ның сенімді ұлы, Совет Армиясының саналы, зерделі офицері, батальон командирі. Сұм жауға қарсы қанды күресті алларыстың көзінде, батальонды басқару оған жеңіл тимейді. Ол әрбір кемістікке, әрбір сәтсіздікке қатты қынжылады, әрбір табысқа, әрбір жеңіске қуанады. Бүгінгі көріп білген тәжірибелерін, ішке түйген ойларын келесі күнге сабақ етеді, іске асыруға талпынып отырады. Генерал Панфиловтың сөзімен айтқанда, батальон Бауыржанның шындала өсірген мектебі болады.

Ол өз білгенін, көңілге тоқығанын батальонға таратып, қарамағындағы жауынгерлер мен командирлерді қатаң тәртіпке үйретеді, табандылық, батырлық, шеберлік рухында тәрбиелейді.

Бауыржан өзін генерал Панфиловтың шәкірті деп есептейді, оның адамгершілік қасиеттерін, қолбасшылық қабілеттерін хикая ішінде ардақтап айтып отырады. Бауыржан халқымыздың ең ардақты дәстүрлерін — батырлық, ерлік, адалдық, жанқиярлық сыпаттарын жақсы біледі. Халықтың мақал, мәтелдерін майданда жауынгерлер үшін зор тәрбиелік мәні бар, дем берерлік қару есебінде қолданады. Сонымен бірге майданның өзінде, ұлы сын кезінде шын жүректен туған өзінің нақыл сөздерін де шеберлікпен пайдаланады.

Бауыржан өзіне де, өзгеге де қатал сыншы, ол әрбір кемшілікті именбей ашық көрсетеді. Опасыздыққа, тұрлаусыздыққа, жалған сөзге оның жаны қас. Ол ерлікті, адалдықты, шындықты сүйеді.

Кітап екі хикаядан тұрады. Әңгіменің желісі, композициялық құрылысы шеберлікпен құрылған, оқығасы өте қызық. Оқушыларды қызықтырып, үнемі өзіне тартып отырады. Сөйлем құрылысы жеңіл, тілі көркем, әрі түсінікті.

«Арпалысты» жақында Қазақтың Біріккен мемлекеттік баспасы басып шығарды.

ӨТКЕН КҮН

Есімде бір жыл жаз айы,
Болғаным Донның бойында
Бузылып өзен шырайы,
Толқығаны ойымда.

Көк ала толқын көпіршіп,
Көкке бір қатты атылған,
Кемелі бомба быт — шығ қыл,
Түбіне судың батырған.

Көргенде күйген қаланы,
Көргенде жанған даланы,

Түйілген ердің қабағы,
Көргенде зарлы баланы,

Жүрегін ыза кек көрнеп,
Серг берген жауды жеңуге,
Көтере қолың бір сермеп,
Қарсы барған өлімге.

Келгенде өлім бетпе — бет,
Арыстандай алысқан.

— Өзін өл, ит немісі! — деп,
Жүректен найза шанышқан.

Өтіп кетті сол күн де,
Тарих боп міне барады,
Жеңістің туы өлімде
Желбіреп жайраң қарады.

Жайнады дала гүлменен,
Саулеттенді қала да,
Жайдары шаттық үнменен,
Күлім қақты бала да.

Ә. ТЕЗЕКБАЕВ.

ТҮЛКІ МЕН ИТБАЛЫҚ

Жорыққа
шыққанда

Жайқалып жапрак,
Қулапырып қызғалдақ,
Тұратын көз тартып,
Жаз келді күн шуақ.

Шығарда жорыққа,
Қоятын бар талап:
Баратын жеріңді,
Картадан ал қарап.

Кез болсаң керемет
Тауларға жолшыбай,
Көмкерген етегің,
Қалың ну карағай.

Көл жатар күлімдеп,
Көресің аққуды,
Сонда сен шырқашы
Сүйікті «Гаккуді».

Тоты ма, көкек пе,
Әлде үкі, қарлығаш —
Сайраған қандай құс,
Таңменен аралас.


Үнінен, түрінен,
Айырып болатын,
Күнделік дәптерге,
Құстардың жаз атын.

Тамаша гүл шоғы,
Еккендей қолдан нақ,
Үзіп ап әсемін,
Кеудеңе тандап тақ.

Таралған бар жолдар,
Қалаға, қыр жаққа,
Сол жолмен жүре біл,
Баратын жер жаққа.

Шық сөйтіп жорыққа,
Бет алған жағына,
Күтіп тұр сендерді
Кен дала сағына.

К. БАЙЗАКОВ.



Күндердің бір күнінде құмды жағды акағалап бір түлкі келе жатты. Сол жағы қалың бұта, оң жағы көк теңіз, ол теңізде суды шолпылдатып балықтар ойнап жүр. Күн әуе айналып жерге түскендей ыстық, ыстық болғанда шыжып тұр еді. Түлкі суға шомылуды ойлап келе жатқан жоқ, балықтардың жас етінің ісәмін татсам-ау деп келеді. Ол құйрығын буландатып, біздей үшкір кара тұмсығымен таза ауаны иіскеп қойып, суға төсіле қарап қояды. Түлкіге теңізден балық ұстау оңай болып па! Бір уақытта ол теңізде қалқып келе жатқан бір бөренені көрді. Бөрене үстінде екі шағала отыр.

— Хұрметті теңіз патшасы шағалалар, неғып серуендеп жүрсіндер? — деді түлкі жымылдап.

— Біз бе? Біз балық аулап жүрміз. — деді екі шағала, қосарлана сөйлеп.

— Мені де қастарыңа алмайсыңдар ма? — деді түлкі маңғазданып.

— Болмас, болмас, тезірек секіре қойыңыз!

Түлкі секіріп көп түсті, бөрене аударылып кетті. Шағалалар оған қынжылсын ба, қанаттарың қағып қалып, ұша жөнеледі.

Түлкі бөренеге жармасып бақты. Бірақ, оның ыңғайына бөрене көңсін бе, өз бетімен жүзе берді. Түкен құйрығын буландатып бөренеден қалмады.

Бөрене теңізде жылжый-жылжый ажарадан алыстап кетті. Түлкі жағадан кара үзді. Түлкінің зәресі ұшты. Бірақ, жағаға қалай жүзіп жету-

ді білемеді. Қулықтың күні қарап болды.

Теңіз бір мезгілде астан-кестен болып аспанға көбік атты. Сол кезде түлкінің тап қасынап бір итбалық шыға келді. Терісі жып-жылтыр, жібек сыяқты екен. Ол өзінің күлімсіреген көзін түлкіге аударып:

— Түкім, қайда кетіп барасың? Адасып жүргеннен саусың ба?

— Қайда кетіп бара жатқаным құмбақ, оны өзімнен басқа ешкім білуге тиіс емес. Бірақ, аяулым, сен сураған соң саған айтайын! Алдымен мұнда қандай жәндіктер мекендейді... Теңізде ешбір жәндік қалмады деген хауесет естіп едім. Тегі сол дұрыс екен, жолымда сенен басқа тірі мақұлық кездестірген жоқпын.

— Олай деме, жаным, мұнда жәндіктер өте көп, мұнда жайын, алабұға, шортан, шабақ толып жатыр. Қайсы бірін айта берейін. — деді мақтанып итбалық.

— Сенер едім-ау саған, бірақ өз көзіммен көрмей, не дейін. Елер сондай көп болсаңдар, бәрін жыйналып бірқатарға тұра қалыңдаршы. Мен өзім санап шығайын. — деді түлкі.

Бұл сөзге шамданып, итбалық суды шолпылдатып жүзін берді. Теңіз беті дір-дір етті. Жайындар, алабұғалар, шортандар, шабақтар жан-жақтан топтала бастады. Бәрі де қатар түзеп сапқа тұрды.

Теңіз жәндіктері тегіс жыйналып болғанда, түлкі бөренеден итбалықтың арқасына секіріп мінеді. Оның үстінде отырып:

— Бір екі, үш, төрт, — деп санап бастады. Түлкі бір балықтан екінші балықтың үстіне секіре берді. Бірде ол арқасы жұмсақ итбалықтың, бірде жалпақ жайынның, бірде мұртты балықтың үстіне түседі. Балықтар біріне-бірі: «түкен санымызға жете алмай жүр» деседі. Сөйтіп жүріп түлкі жағаға жетіп, секіріп құрғаққа шықты да, айғай салды:

— Ей, итбалық! Сенің айтқаның рас екен. Теңізде сен сыяқты ақымақ жәндіктер көп екен, оларды қатар қойып көпір жасап, жағаға шығуға болады екен. Енді өз жөндеріне кете беріндер. Мен обден қалжырадым, дем аламын. Итбалық оған бір-нәрсе айтқысы келіп еді, айтпады. Айтып, түлкі қуға сөз өте ме?

Сөйтіп, түлкі де балықтың жас өгін жей алмағанына қынжылса да, тірі қалғанына шүкіршілік етті.



Жас достар, сен табиғат дүниесі қоршауында өмір сүресің. Онда сен білмейтін көптеген қызық оқыйғалар мен құбылыстар бар. Егер табиғат құбылысы және ғылым мен техника жөнінде өзіңнің түсініксіз сұрауларың болса, редакцияға жазып жібер. Редакция сенің сұрауыңа жауап қайтарады.

Темір неліктен тотығады

Шағышқыны, пышақты жуғаннан кейін орамалмен сүртпін құрғатпаса, қайтер еді. Онда шағышқы мен пышақты тез тот басар еді. Тотыру, тот басу «темір дерті» — деп аталады. Ал, бұл дертті темірге жұқтыратын су, дымқылдық болып табылады. Демек, темір судың әсерінен тотығады.

Бірде сүңгуірлер (водалазы) 150 жылдан бері теңіз түбінде жатқан кемені судан алып шықты. Кеменің ішінен зеңбіректің оқтары табылды. Әлгі оқтарды пышақпен жонуға болатындай қалың тот басыпты. Бұл оған судың тигізген әсері еді.

Бірақ, темір кейде су тимей-ақ, күншуақта тұрып та тотығады. Бұл неліктен? Өйткені, ауаның өзінде де дымқылдық бар.

Темір затты судан, дымқылдықтан қалай сақтау керек. Бұл үшін оны су өткізбейтін майлы бояумен сырлап тастайды. Әдетте темір затты бояғанда, сырлағанда бояуды кендір майына (олифа) езеді. Майлы бояу темірге сырттан суды, ауаны өткізбейді, темірді тот баспайды.

Ал, темірден жасалған кейбір ыдыс-аяқтар (пышақ, шағышқы, шәйнек, шелек) бояуға келмейді. Сондықтан бұл заттарды тез тотықпайтын асыл темірден істейді.

Су отты неге сөндіреді

Шырағданды суға матырсаң сөңіп қалады. Неге олай? Оның себебі шырағданның жануына ауа керек. Сондықтан да су отты сөндіреді.

Отты басқа жолмен де сөндіруге болады. Су жанып жатқан затқа ауа жібермейді. Айтайық жанып жатқан заттың үстіне құм сеуіп те сөндіреді. Құм да ауаны өткізбейді.

Сусыз өмір

Шөл даланың жазығында автомашина зырлап келеді. Айналамызда жүздеген шақырым өкертте шейін бір тамшы су жоқ.

Бір мезгілде құмды төбелердің үстінде асыр салған қара-құйрықтар көзге шалынды. Олар ағарандап барып, тасара жасырылды.

Алдымыздан дуадақтар ұшып бірте-бірте аспанға көтеріледі. Кейбір бұталардың түбінен қояндар да жытып барады.

«Бұл аңдар сусыз қалай өмір сүреді?» деген сұрақ еріксіз көңілімізде.

Шынында шөл далалада көптеген аңдар сусыз өмір етеді. Олар жетісінде бір рет сусындаса болғаны, әрқарай ұзақ уақыт суды керек етпейді.

Алматының аңдар бақшасындағы тұратын Америка антилопы аптасына бір рет толық бір шелек су ішеді, басқа күндері бір стакан судың өзіне қанады. Ал, Қазақстанның акбөкені мен пау текесі суды тіпті сирек ішеді. Үкі айына бір рет сусындайды. Ал, түйеқұс жұмыртқа басқан кезінде 47 күндей удайы су ішпейді.


Қай аң көп жасайды

Тышқанның өмірі өте қысқа. Ол небәрі жарты жылдай ғана өмір сүреді. Бірақ, тышқанды ұстап алып, тордың ішіне асырап, күйлі сақтасақ екі жылдай, одан да көбірек уақыт тіршілік ететіні байқалды. Ал, ол далалада жүретін болса, тез қартайып, тез өледі. Бірақ, ол бір жылдан артық жасамайды. Оқымыстылар мағалардан мыңдаған тышқанды ұстап алып, аяғына жүзік байлап жіберіп те көрді. Сол мың тышқаннан бір-ақ тышқан он айдай тірі жүрген. Көпшілігі туысымен алғашқы айлардың ішінде-ақ өліп біткен, қалғандары бесінші айдан бастап өлетін көрінеді.

Москваның хаюанаттар бақшасында кондор деген бір ірі жыртқыш құс 70 жыл асыралған, сол кондор 70 жылдан соң жұмыртқа салған. Оның себебі алғашқыда бақшада басқа құс жоқ еді. Оның еркек я урғашы құс екені жұмыртқа салған соң ғана анықталды. Бұған қарағанда, кей аңдарды 100 жылдан да артық өмір сүреді деп есептеуге болады.

Хаюанаттар бақшасында жүргізілген зерттеулер бойынша, төмендегі суретте аңдардың өмір сүруінің орташа мөлшері көрсетілген.


М. ЗВЕРЕВ.

 Шылқик 1 күн	 Қоңыз 1/2 ай	 Шеңіртке 2 ай	 Бақша құрты 3 жыл	 Ақтүйе 3 жыл	 Жылқысы 8 жыл
 Шоғана 8 жыл	 Қозы 8 жыл	 Бұл тас 13 жыл	 Бұлбұл 14 жыл	 Түлкі 14 жыл	 Шаян 16 жыл
 Жылқы 17 жыл	 Көкек 28 жыл	 Арыстан 30 жыл	 Аю 40 жыл	 Үйрек 100 жыл	 Қарға 100 жыл
 Бұркіт 120 жыл	 Шортан 150 жыл	 Л.Л.	 Аққу 50 жыл		




УРАН

ШЫРПЫ



Балалар, мына сурет он төрт шырпыдан жасалған. Осыдан үш шырпыны алып тастандар. Сонда бес қалатын болсын.



Бала озат оқушыларға арнап уран жазды. Бірақ ол жұмбақ суретпен жазылған. Сол уранды осы суреттен тауып оқындар.

М А З М У Н Ы

А. Алексеев, Е. Макаков — Көсемнің балалық шағы	1	Біз жазды қайда өткіземіз	17
С. Омаров — Асылжан (әңгіме)	5	Пионерлер шежіресі	18
Ә. Сәрсенбаев — Батырдың інісі (әңгіме)	8	Д. Дүйсенбеков — Жас өнерпаздар	20
М. Пришвин — Күн қоймасы (ертегі-аңыз)	10	Біздің кітапхана	21
А. Машанов — Қен байлығы — ел байлығы	12	Ә. Тезекбаев — Өткен күн (өлең)	»
Л. Яковлева — Улы өсімдіктер	13	К. Байзақов — Жорыққа шыққанда (өлең)	22
И. Сүлейменов — Алтын дән	14	Ел аузынан	»
А. Дауылбаев — Ауыл пионерлерінің айбынды міндеттері	16	Білгім келеді	23
		Ойлап тап	24

Мұқабаның 1 — және 4 — беттеріндегі суреттерді жасаған суретші К. Баранов.

Редколлегия мүшелері: Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Н. Ахмедова, Ә. Бектұров, К. Борамбаев, К. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдықов, А. М. Черкасский, Тех. редакторы А. К. Доморошин.

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73, Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 24.VI. 1947 г.

УГ01757

Объем 3 п. л.

Тираж 10.000

Гостипография № 3 / Печатная фабрика и издательство при Совете Министров КазССР, г. Алма-Ата, Проспект Ленина 2, Заказ № 630

307194



КОЛХОЗГА КӨМЕК

Күн уясынан жаңа ғана шығып, өзін нұрлы сәулесін жап-жаққа шашырата бастаған кез. Қаз-қатар салыңған үйлер, көк жапырақ жамылған теректер мен емендер колхоз ауылын сәулеттендіріп тұр. Осы ауылдың ортасындағы тас көшпенен сап түзеп бір топ пионер келе жатыр. Бұлар Шымкент қазақ орта мектебіндегі Еркін бастаған звено пионерлері еді. Бұл олардың «Қайрат» колхозына көмек көрсетуге кетіп бара жатқан кезі болатын.



ТАҒЫ ДА ПАЙДАҒА АСАДЫ

Мен бесінші кластың табалдырығын алғаш аттаған күні класс жетекшісі ботаника, арифметика кітаптарын берді. Оның үстіне қаладағы кітап сатылатын магазинге жиі барып жүріп, тарих, география, орыс тілі кітаптарын сатып алдым. Бірте-бірте керекті оқу құралдарын тегіс тастым.

Мен бір күні сабақтас жолдасым:

— Быйыл біз бесінші класты бітіреміз одан кейін бұл кітаптарды қайтеміз? — деп сұрақ қойдым. Ол:

— Мен барлық кітабымды газет-журналға тастап аламын. Кір жұқтыр-

Бұл звено колхозға көмек көрсетуде көп еңбек сіңірді. Өткен жазда звено пионерлері 50 гектар егістік жердің арам шөбін тазартты. Қыс күндері мақта егетін жерге 10 тоннадан артық жергілікті жер тыңайтқыш заттар тасып төкті.

Жазғытұрым Еркіннің звеносы темірдің есіншіктерін жыйнап, колхоз ұстасына әкеп тастырды. Колхоз ұстасы ол есіншіктерді отқа салып балжытып, көптеген сеялқалардың шестериясын, соқаның тілдерін, тырманың тістерін жасады.

Быйылғы демалыс кезінде Еркін және оның серіктері мақта жегендеуеге шықты. Кейінірек мақтаны теріп жыйнауға да көмектеседі. Сөйтін олар колхоздың быйыл мақтадан мол өнім алудағы күресіне өздерінің үлесін қосады.

Марат РАМАНҚУЛОВ,

Шымкент қаласы, Советтер Одағының Батыры Карсыбай Сылтаев атындағы қазақ орта мектебі.

маймын. Сузжама салып ұстаймын. Оқығанда, кітаптың шетін бүктемей, ортасына қағаз салып оқыймын. Таза ұстап, тоздырмаймын. Сөйтін өзім бесінші класты бітіргенде, кітаптарымды келесі жылы бесінші класқа түскен балаларға табыс етемін, — деді.

— Ендеше, — депті мен, — мен де бар кітаптарымды осылай күтіп ұстап, келесі бесінші кластың балаларына беремін.

Міне, біз бесінші класты бітірді шықтық. Уағдамызды орындап, сыннан кейінгі қортынды жыйынлыстың үстінде, клас жетекшісіне кітаптарымызды тапсырып:

— Келесі жылы өзіміз оқытатын бесінші класқа оқушыларына беріміз? — деп тілек білдірдік. Оқытушы біздің бұл тілегімізді қабыл алды.

Бізді көріп, басқа балалар да оған өздері быйыл оқыған кітаптарын әкеліп тапсыра бастады. Сонымен біздің оқып бітірген кітаптарымыз тағы да пайдаға асатын болды.

К. КЕНЖЕБЕКОВ,

Шымкент, қазақ орта мектебі

«Пионер» Журналының 1947 жылғы 2-санында басылған жұмбақ сурет пен шараданың

ЖАУАПТАРЫ

1. ОН ҮШ ТЫШҚАН. Мысық аң тышқаннан кейінгі бірінші қара тышқаннан бастап жеген.

2. ШАРАДА. Қазан, сазан, казак. Дұрыс шешуін жібергендер: Шамел КЕНЖЕҒУЛОВ, Болатбек ОРЫНТАЕВ (Жамбыл облысы, Луговой ауданы, Сталин атындағы қазақ орта мектебі), Сұраншы ҚЫСТАУБАЕВ (Луговой ауданы, Арықтебе қазақ орта мектебі), Секен БӘЗІЛБАЕВ (Луговой ауданы, Калинин атындағы жеті жылдық мектеп), Әлима ЕРЗАКОВА (Қызылорда).



МЕНИҢ ЖОЛДАС- ТАРЫМ

Біз Ахмет Хамитов, Төлеш Жұрақашов, Бахыт Сейдахметов төртеуіміз IV класта оқыйтынбыз. Бір күні біз Ахметтің үйіне оқыйналдық. Сонда әрбір оқу күніне жоспар жасап, қай күні қандай сабаққа, қай жерде дайындалуды белгіледік.

Сабақтан үйге келген соң әрқайсымыз өз үйімізде алдымен үйге берілген тапсырманы орындаймыз. Одан кейін оқып келуге берілген тақырыпты оқыймыз. Біраз уақыт өткен сабақты пысықтаймыз. Сонсоң жолдастарымыздың бүгінгі алған білімін сынау үшін сұрақтар дайындап алып, тағы да Ахметтің үйіне барамыз. Бұл кездесу күн сайын түскі сағат екіде болып отырады. Үйге есептен, ана тілінен берілген тапсырмаларды қалай орындағанымызды салыстырып шығамыз, хателерін түзетеміз.

Төртеуіміз бірігіп отырып, оқыған өңгімеміздің мазмұнын көзекпен жатқа айтып береміз. Сонсоң сұрақтар қойысып, жауап қайтарысамыз. Міне, біз жазғы емтиханға да осылай дайындалдық. Мұның үстіне демалыс күндері бір пәнді ғана басына бастап пысықтап өтіп отырдық.

Оқу жылы аяқталып, емтиханды да өткізіп болдық, бастауыш мектепті бітірдік. Кейбір оқушылардың сабақ үлгеру бағасы сынақ үстінде өзгеріске де ұшырады. Тіпті кейбірінің бағасы «3» ке де түсіп қалды. Бірақ, біздің бағамыз сынақта да бұрынғы қалпында қалды.

Рахымбай ЖАСЫБАЕВ,
Алматы, 18-өз балалар мектебі.

Багасы 2 сом.

